
ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ

**№ 2 (52)
2016**

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы
Республикалық терминологиялық комиссиясының бюллетені

**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

№2 (52)

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-
саяси жұмыс комитеті

*ҚР Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы 2002
жылғы 27 мамырда №2993 – Ж
куәлігі берілген.*

Редакциялық алқаның төрағасы
А.Мұхамедіұлы

Редакциялық алқа

А. Райымқұлова

Қ. Асыллов

Ғ. Мелдешов

М. Бақтиярұлы

С. Абдрахманов

М. Ахметов

Ж. Жақсымбетов

Д. Омашұлы

Б. Сағын

Д. Қыдырәлі

М. Айымбетов

С. Әлісжан

С. Ибраим

Ш. Пәттеев

К. Юсуп

Бас редактор

Ш.Құрманбайұлы

Бас редактордың орынбасары

Қ.Әбіл

Ш. Құрманбайұлы

*филология ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі*

Г. Әлімбек

*филология ғылымдарының кандидаты,
доцент*

ІСҚАҒАЗ АТАУЛАРЫ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ЖАЙЫ

Ресми ісқағаздар тілінің тарихы, дамуының кезеңдік ерекшеліктері, терминдер жүйесі қазақ тіл білімінде біршама зерттелген мәселелердің бірі деуге болады. Дегенмен, уақыт орнында тұрған жоқ. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қоғам өмірінің түрлі салаларында қолданыла бастауына байланысты ресми стиль де күн санап дамып, жана терминдермен, сөз орамдарымен толығып отырады. Ісқағаздарының терминдер жүйесі де әр дәуірдің, кезеңнің ерекшелігіне қарай дамып қалыптасып отырған. Әр кезеңдегі елдің қоғамдық-саяси, мәдени, экономикалық өмірінде болған өзгерістердің қазақ тіліндегі ісқағаз атаулары мен осы сала терминдерінің даму, қалыптасу тарихынан да айқын көрініс тапқанын көруге болады. Тіл тарихын, әдеби тілдің, функционалдық стильдердің қалыптасуы мен қазақ ісқағаздары дамуын арнайы зерттеген ғалымдар еңбектерінде де басы ашылған, ғылыми електен өткен мәселелер аз емес. Соған қарамастан қазіргі уақытта еліміз ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге кезең-кезеңмен көшуді жүзеге асырып жатқандықтан, бұл салада жүйелеуді, нақтылауды қажет ететін әлі толық шешімін таппаған мәселелер де бар. Мәселен, ең алдымен, осы ісқағаздары атауларының өзін тілдік нормаға сәйкес дұрыс жасап, бірізді қолдану, олардың жарыса жұмсалыуынан арылып, бірізділікке қол жеткізу де атқарылуға тиісті маңызды жұмыстар қатарына кіреді. Біз төменде негізінен мәселенің осы қырына ден қойып, ісқағаз атауларының қазіргі тіліміздегі қолданысының жайына назар аудартуды мақсат етіп отырмыз.

Орта түркі жазба әдеби тіліндегі хан жарлықтарының тілін арнайы зерттеген тілші ғалым, филология ғылымының докторы Әрсен Ибатов «XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі» деп аталатын монографиясында түркі сөздері мен кірме атаулардың арақатынасын анықтайды. Ғалым «Жарлық текстерінде, біздің есебіміз бойынша 350-дей түбір және туынды сөздер қолданылған. Ол сөздердің, әрине, ұйтқысы түркі тілдерінің өзіне тән сөздер болған. Сондықтан да жарлық текстерінің қай-қайсысы болса да түркі туыстас тілдер өкілдері немесе сол тілдерді білетін адамдар көп қиындықсыз-ақ түсініп, мәселені не жайлы екенін толық аңғара алады» [1] – дей келіп, төл сөздер мен кірме атаулар үлесін көрсетеді. Мәтіндегі 300 сөзді 100 пайыз деп алғанда соның 44-і араб сөзі (15%-ы), 15-і моңғол сөзі (5%-ы), 1 ғана орыс сөзі («сала» – «село»), ал қалған 240-ы,



яғни 80%-ы түркі сөзі болғанын анықтайды. Бүгінгі ісқағаз атауы «жарлық» сөзі де сол дәуірде «йарлық» түрінде қолданылған.

Көрсетіліп отырған деректерден орта ғасыр тілінде негізінен түркілік атаулар басымдық танытып, одан кейінгі кезекте біршама араб, моңғол атауларының қолданыс тапқанын байқаймыз. Бұл кезеңдегі жарлық тілінде жалғыз ғана орыс сөзі қолданылған болса, ал кешегі өткен XX ғасырда КСРО саясатына сәйкес ісқағаз тілінде орыс тілі басымдық танытып, орыс тіліндегі атаулар тілімізге сол қалпында қабылданды. Алаш оқығандары өткен ғасыр басында көптеген арнаулы салалардың негізгі терминдерін жасап, олардың мектеп оқулықтары мен баспасөз бетіндегі қолданысын қалыптастырып үлгерген еді. Мысалы, *жарнама (объявление)*, *баяндама (доклад)*, *қаулы (постановление)* және т.б.[2] Алаш зиялылары қуғын-сүргінге ұшырағаннан кейін бұл үрдіс тоқтатылып, терминдер мен қоғамдық-саяси лексиканы орыс тілінен өзгеріссіз қабылдау күшті қарқын ала бастады. Мәселен, кеңестік кезеңде тілімізге енген *документ, протокол, заявка, рапорт, извещене, ведомость* сияқты ондаған, жүздеген атаулар күні кешеге дейін актив қолданылды. Бұл атаулардың қазақша баламалары 90-жылдардан кейін ғана жасалып, қолданысқа ене бастады. XX ғасыр басындағы ісқағаздарын қазақша жүргізудің жай-күйі, сол кезеңнің қиындықтары мен кейбір ерекшеліктері жөнінде осы мәселені арнайы көтеріп, баспасөзде мақалалар жариялаған Сәкен Сейфуллиннің жазғандарынан да бірқатар мәліметтер алуға болады. Ол 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған «Кеңселерде қазақ тілін жүргізу» атты мақаласында былай деп жазады: «...Оқыған адамдарының аздығынан, кеңсе істерін жүргізе білетін адамдардың аздығынан біздің Қазақстанда қазақтары аз жер түгіл, қазақтары көп жерлердің өздерінде де кеңселерде көңілдегідей қазақ тілі жүріп кете алмай жатыр.

...Одан соң Қазақстанның кеңселерінде қазақ тілін жүргізу ретінде үлкен бір бөгет мынау: біздің болыстық мекемелерімізде қызмет қылып жүрген қазақтардың, сол мекемелердің басында жүрген қазақтардың бірсыпырасы қазақша жазғаннан, қазақша оқығаннан, қазақша сөйлегеннен орысшаны жақсы көреді, орысшаны оңай көреді. Кейбіреулері тіпті қазақша жазуды һәм оқуды білмейді. Ал кейбір аз білгендері қазақша жазбай жүріп, аз білгенінен айырылып қалады. Мұндай хал, әсіресе, бұрынғы заманда патшаның ұлықтарынан өте қаймығып, сол ұлықтарға өте қатты жағынып қалған жерлерде көбірек сезіледі, һәм өздері сол патшаның әртүрлі «ұлығы» болудың жолына қаттырақ түскен жерлерде көбірек сезіледі. Міне, осындай ескі әдеттен біздің қазіргі Совет үкіметінде жүрген адамдарымыздың кейбіреулері әлі қайтқан жоқ. Бұлардың құлқынша: орысша сөйлесең «білгіш» көрінесің, қазақша сөйлеп, қазақша жазсаң, «білмейтін» болып көрінесің» [3] («Еңбекші қазақ», 12.04.1923 жыл).

Ескі әдетінен арылмаған, қазақша хат жаза алмайтын, ісқағаздарын жүргізуге қабілетсіз, орыс тілінен ажырағысы келмей отырғандар қазіргі Тәуелсіз

Қазақстанда да аз болмай отыр. Мемлекеттік тілдегі ісқағаздарының үлесін орысша дайындалған құжаттарды қазақшаға аудару арқылы ұлғайтып көрсету сияқты көзбояушылықтан ширек ғасыр ішінде әлі арыла қойған жоқпыз. Сондықтан ХХ ғасыр басындағы оқығандары, хат танитындары аз қазақ қауымының басындағы өз тіліне қатысты жағдай бүгінгі жаппай сауатты, бірнеше мамандық иесі болып, бірнеше тілді меңгерген, енді тұтастай үштілді болуға ұмтылып жатқан қазақ қоғамында да көрініс беріп отырған құбылыс.

Ісқағаз терминдерімен қатар осы салада жиі қолданылатын оралымдарды да бірізге түсірген абзал. Көптеген сөздер белгілі бір стильге телінетіндіктен, олардың қолданылу аумағы мейлінше шектеулі болып келеді. Мысалы, *бұйырамын, тағайындалсын, міндеттелсін, күн тәртібіне енгізілсін, осы анықтама берілді, қаулы етеді, түсініктеме берілді, есепке алынды* сияқты сөздер мен сөз тіркестері ресми-іс қағаздар стиліне тән. Ісқағаз атауларымен қоса қазақ тілінде қолданылып жүрген мұндай қалыптасқан сөз орамдарының көпшілігі орыс тілінің ықпалымен жасалған. Елдегі сан алуан саладағы құжаттардың [құжатайналымның] алдымен орыс тілінде дайындалып содан кейін ғана мемлекеттік тілге аударылатындығы мұның ең басты себебі деуге болады. Мысалы, *бірауыздан мақұлданды, қызу мақұлдау, мәселе көтеру, қызу қарқын, тұрмыстық қызмет, қызмет көрсету, жүзеге асыру, қамтамасыз ету, күшіне енді, өз күшінде қалдыру, күшін жою, кең жол ашу, іске қосу, баса назар аудару, алғыс жариялау, сөгіс жариялау* және т.б. іспетті сөз оралымдары іс қағаздары мен ресми құжаттарда жиі жұмсалады. Бұл оралымдар тілдің ресми-іскери стильге тән ерекшелігін айқындап, ісқағаз үлгілеріне кеңселік сипат беріп тұрғанымен соның бәрі де орыс тілінің қалыбына салынып жасалғаны аңғарылып тұр. Қазақ тілінің ресми-іскери стилі осы бағытынан жаңылмай кете беруін жалғастыра бермей, оның өзіндік сипаты басым болуына қол жеткізіміз десек, құжаттардың барлық түрін, елдегі құжатайналымды тұтастай мемлекеттік тілге көшіріп, содан кейін ғана қажеттілігіне қарай өзге тілдерге аударуға бет бұрудан басқа жолды таңдау қиын.

Дегенмен бұл кезеңнің бір ерекшелігі көптеген ісқағаз атауларының қазақша баламалары жаңадан жасалды немесе бұрын тілдік қолданыстан шеттетілген бірқатар атаулар қайтадан сала терминдері ретінде терминжүйеге енгізілді. Олардың көпшілігі қазір бірізді қолданылып, тілде тұрақтай бастады. Мысалы, *жарғы, жеделхат, құжат, құжаттама, қолдаухат, мәлімдеме, тапсырыс, хабарлама, хаттама, келісмиарт, ілеспехат, алғысхат, келісмиарт, кепілхат, ақпараттық хат, түпнұсқа* терминдерін сол қатарға қосуға болады. Алайда бұл салада әлі де жарыса жұмсалып, бірізді қолданылу дәрежесіне жете алмай жүрген атаулар да бар. Біз төменде бұл салаға арналған еңбектердің ішінен кейінгі жылдары шыққан әрі көпшілік жиі пайдаланатын «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Іс жүргізу және мұрағат ісі» (– Ал-



маты: «ҚАЗАқпарат», 2014. – 512 б.) [4], Дүйсембекова Л. Ресми-іс қағаздары атауларының қазақша-орысша сөздігі//Қазақ тілі: ісқағаздарын жүргізу (– Алматы, 2010. – 400 б.) [5], Тілешов Е.Е., Тұрлыбекова Ж.А., Каюпова Ұ.К. Іскери қазақ тілі. Деловой казахский язык: Оқу құралы (–Астана: «Руханият», 2014. – 208 б.) [6] деп аталатын үш еңбекті ғана салыстырғанда бірқатар сәйкессіздіктер анықталды.

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

	Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Іс жүргізу және мұрағат ісі. – Алматы: «ҚАЗАқпарат», 2014. – 512 б.	Дүйсембекова Л. Ресми-іс қағаздары атауларының қазақша-орысша сөздігі//Қазақ тілі: ісқағаздарын жүргізу. – Алматы, 2010. – 400 б.	Тілешов Е.Е., Тұрлыбекова Ж.А., Каюпова Ұ.К. Іскери қазақ тілі. Деловой казахский язык: Оқу құралы. – Астана: «Руханият», 2014. – 208 б.
1	андатпа	аннотация	–
2	баяндаухат [докладная записка]	баянхат докладная записка]	–
3	үзінді көшірме	бұйрықтан үзінді	–
4	бұрыштама [виза]	бұрыштама [резолуция]	
5	визит карточкасы, танысқы	визит карточкасы	–
6	кадрларды тіркеу жөніндегі жеке іс ағазы	жеке іс парағы	–
7	–	кету парағы	–
8	ратификация	–	бекіту
9	бекіту [санкционироват; утверждение]	–	–
10	тізілім, тізімдеме [реестр]	тізімдеме [ведомость]	–
11	тізімдеме [опись]	тізбе [опись]	–
12	хабарлама хат [письмо-сообщение]	хабарламахат [письмо-извещение]	–
13	ұсыну хат [рекоменда- тельное письмо]	ұсынысхат [рекоменда- тельное письмо]	ұсыным хат [рекомендательное письмо]
14	паспорт, төлқұжат	төлқұжат	төлқұжат
15	іскерлік хат	–	іскерхат

16	баянхат[рапорт]	мәлімдеме	баянхат
----	-----------------	-----------	---------

Бұл еңбектердің жарық көрген мерзімдері де алшақ емес. Екеуі – 2014 жылы, біреуі – 2010 жылы баспа бетін көрген. Әр еңбектің авторларының өзіндік ұстанымдарын, жеке пікірлерін құрметтеген жөн. Алайда әр үш-төрт жыл сайын шыққан еңбектерде өзара ортақ келісімге тоқталмай терминдерімізді түрлі нұсқада, жарыстырып қолдана беретін болсақ, бірізділікке қол жеткізуіміз қиындап кетеді. Сонымен қатар осы басылымдарды пайдаланатын ісқағаз жүргізуші мамандар мен аудармашылар да қайсысын басшылыққа аларын білмей дал болады. Ісқағаздарын мамандығына, істейтін кәсібіне қарамасатан күнделікті өмірде жалпы жұртшылық пайдаланды. Сондықтан ісқағаз атауларының жалпыға қатыстылығын, көпшілікқолдылығын ескере отырып, бірізді қолданылуын кешіктірмей қамтамасыз етудің мәні айрықша зор.

Қазақ тіліндегі ісқағаздары атаулары мен бұл саладағы тірек терминдердің жарыса қолданылып жүргендері бұл көрсетілгендермен ғана шектелмейді. Егер өзге де әр жылдары шыққан сөздіктер мен түрлі құралдарды алып салыстырар болсақ немесе оған күнделікті ресми құжаттардағы қолданыстарын қамтитын, жарыспа нұсқалар қатары бұдан да арта түседі. Ресми құжаттар мен хат алмасуларда *виза// фишка//бұрыштама//резолуция//қарар, телефонхат//телфонограмма, қолдаухат//қолдау хат//өтінім хат және өздерек карточкасы//деректеме карточка [визитная карточка]* түрінде бірнеше нұсқада жұмсалып жүргенін жиі кездестіріп жатамыз. Бұл да қазақ тілінде ісқағаз жүргізуге арналған оқу құралдары мен сөздіктерге еніп, ресми органдар, мамандар тарапынан ұсынылып жүрген бірқатар атаулардың әлі тілде толық орнықпағанын, ұсынылған нұсқалардың бірінің іріктеуден өтіп, олардың іс жүзінде жаппай қолданысқа көшпегендігінің бір көрінісі. Сондықтан кеңсе қызметкерлеріне, ісжүргізушілерге, аудармашыларға арналған практикалық құралдар, терминологиялық сөздіктер жасаушылар, баспагерлер мен терминологиялық жұмыстарды жүргізушілер, осы істі үйлестіруші органдар сала терминдерін біріздендіру мәселесіне жете көңіл бөлу қажеттігін ерекше ескеруі қажет деп ойлаймыз.

Орыс тіліндегі «личный листок по учету кадров» деген шұбалаңқы атауды дәл сол қалпында «кадрларды тіркеу жөніндегі жеке іс қағазы» деп айнытпай сөзбе-сөз аудармай-ақ немесе «жеке іс парағы» деу орнына қысқа да ықшам түрде «іспарақ» десек те ешнәрсе бүлініп кетпеген болар еді. Керісінше, шұбалаңқылықтан арылып, термин ықшамдылығына қол жеткізер едік. Жалпы бізге барлық салада, соның ішінде, ісқағаз жүргізуде де орыс тіліне орынды-орынсыз байланудан, аудармаға тәуелділіктен арылу қажеттігі айқын аңғарылып отырған құбылыс.

Сөз соңында айтарымыз, қазіргі қолданыстағы ісқағаз атауларын, сала

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘЛІСНАМА



терминдерін жасау мен оларды ретке келтіруде кейінгі ширек ғасыр мерзімде едәуір іс тындырылды деуге болады. Қазақ тіліндегі ресми стильдің даму тарихы мен терминдер жүйесінің ерекшеліктері тіл мамандары тарапынан тәуір зерделенді. Ендігі уақытта соларды бірізге түсіру мен сапалық тұрғыдан жетілдіре түсуге, осы саланың жаңа терминдерін жасауда ұлт тілінің өзіндік ерекшеліктерін, сөзжасам табиғатын және сөйлем құрылысын ескеруге көбірек мән беру қажеттігі ресми ісқағаздар тілін зерттеушілер мен сала мамандарының негізгі міндеттерінің біріне айналу керек екендігі айқын аңғарылып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ибатов А. XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі. – Алматы: «Ғылым», 1990. 31-б.
2. Қазақша-орысша тілмаш. Басқарушы: Қошке Кемеңгерұлы. Казакско-русский словарь. Под редакцией Кемеңгерова К. – Москва, 1925; Қазақша-орысша тілмаш. Екінші басылымы. – Астана, 2005. – 288 б.
3. Сейфуллин С. Кеңселерде қазақ тілін жүргізу. «Еңбекші қазақ», 12.04.1923 жыл.
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Іс жүргізу және мұрағат ісі. (Жалпы редакциясын басқарған М.Қасымбеков). – Алматы: «ҚАЗАқпарат», 2014. – 512 б.
5. Дүйсембекова Л. Қазақ тілі: ісқағаздарын жүргізу. – Алматы, 2010. – 400 б.
6. Тілешов Е.Е., Тұрлыбекова Ж.А., Каюпова Ұ.К. Іскери қазақ тілі. Деловой казахский язык. – Астана, 2014. – 208 б.

Қ. Айдарбек

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білім институтының
бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы*

Терминологиялық жүйе категориясы және оған қойылатын негізгі талаптар

Арнаулы және кәсіби тілдесім салалары мен ғылыми, өндірістік-техникалық т.б. білімдермен алмасу үдерістерінде термин ең бір маңызды арнаулы ғылыми ақпаратты беруші тілдік бірлік болып табылады. Мұның себебі терминнің ақпараттық қызметімен, яғни оның арнаулы білімдерді тасымалдау міндетімен айқындалады. Бір қызмет саласы өкілдерінің терминдерді қолдануы кәсіби тілдесімнің тиімділік дәрежесінің жоғары деңгейде өтуін қаматамасыз етіп, бірлескен еңбектің сапалы нәтижеге әкелуіне ықпал етеді.

Терминологиялық бірліктер, дәлірек айтқанда лексика-семантикалық қарым-қатынастар мен ұғымдар базасы негізінде қалыптасқан олардың жиынтығы, сондай-ақ олардың сөзжасамдық және грамматикалық деңгейлеріндегі өзгерістері жалпы тілдің маңызды бір бөлігін құрап, оның ажыратылмас бір бөлшегі болып саналады [1, 78 б.]. Терминология тілдің лексикалық құрамының көлемді қабаты ретінде жалпы ұлтық тілдің бірліктерімен тағыз байланыста болуына орай тіл білімінің теориялық және қолданбалы аясында зерттелуі тиіс.

Термин оны термин емес сөздерден ажыратып көрсететін ерекше сипаттарға ие тілдің лексикалық жүйесінің бірлігі болып саналады. Сондықтан да терминнің ішкі терең қасиеттерін зерттеу белгілі бір білім саласына қызмет ететін терминологиялық жүйелер шеңберінде жүргізілуі қажет. Қазіргі тіл білімінде терминнің мұндай қасиеттері мен сипаттамаларына төмендегілер жатқызылады:

- терминге ұғымның немесе оны тұтынушы санасындағы концептінің сәйкестігі;
- терминнің білімнің арнаулы саласына қатыстылығы;
- дефинитивтілік;
- мағына дәлдігі;
- мәнмәтіндік тәуелсіздік (белгілі бір тақырыптық мәтін шеңберінде);
- жүйелілік;
- аталымдық;
- экспрессияның болмауы мен стилистикалық бейтараптық;
- белгілі бір мақсатқа бағытталу сипаты;
- сөйлеудегі тұрақтылығы мен қайта келтірілу қасиеті т.б.

Қазіргі кездегі зерттеулерде термин арнаулы білім саласының немесе

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘЛІПБАМА



қызметінің ұғымын білдіретін сөз немесе сөз тіркесі ретінде анықталып жүргені белгілі. Алайда тілдік универсалы болып табылатын терминнің түрлі дефинициясы аз емес. Мысалы:

1) «Термин дегеніміз – белгілі бір ғылым мен техника саласының ұғымдық жүйесіндегі ұғымның дыбыстық таңбамен сәйкес келетін біртұтастығын айқындайтын сөз немесе сөз тіркесі» (Д.С.Лотте) [2, 14 б.];

2) «Термин дегеніміз – сөз немесе сөздер кешені, ол басқа бір сөзбен немесе сөздер кешенімен жүйелі қатынастарға түсу нәтижесінде жоғары ақпараттылық, бірмағыналылық, дәлдік және экспрессивтік бейтараптылыққа ие болатын тұйық, жабық жүйені құрайды» (И.С.Квитко) [3, 216.];

3) «Термин дегеніміз – таным үдерісінде қолданылатын кәсіби ұғымды қалыптастырып белгілейтін кәсіби мағынасы бар тілдік бірлік» (Ф.М.Березин, Б.Н.Головин) [4, 264б.];

4) «Термин дегеніміз – белгілі бір ұғымдар жүйесі бірлігінің мазмұн межесі тұрғысынан жүйеге асуы» (А.С.Герд) [5, 12б.];

5) «Термин дегеніміз – арнаулы ұғымдар атауларын дәл беру мақсатында қолданылатын арнаулы тілдің арнаулы аталымдық лексикалық бірлігі (сөз немесе сөз тіркесі)» (С.В.Гринев) [6, 33б.] және т.б.

Байқағанымыздай, терминнің анықтамасында әрбір зерттеуші өзі маңызды деп тапқан оның негізгі немесе басты бір-екі белгісін басшылыққа алады.

Терминтаным саласында жүргізіліп жатқан қазіргі зерттеулерде термин дефинициясын айқындауда термин ретінде тек сөз немесе сөз тіркесі ғана емес сондай-ақ сөйлемдер де орын алатыны көрсетіліп жүр және мұндай термин-сөйлемдер, негізінен әскери, теңіз, спорт салаларының арнаулы тілінде қолданылатыны айтылады. Өйткені бұл салалардың терминологиясы пәрмен, бұйрық семантикалық бағытымен ерекшеленеді.

Термин дефинициясын қалыптастыруда тілдің ерекше бірлігіне қойылатын семантикалық, формалдық және прагматикалық (функционалдық) талаптар ескерілуі қажет. Мәселен, *семантикалық талаптарды* терминнің келесі белгілері құрайды:

- терминнің ұғымға сәйкес келуі;
- бірмағыналылық, яғни категориалдық көпмағыналылықтың болмауы;
- термин мағынасында мүмкіндігінше аз белгілердің қамтылуы;
- синонимдердің болмауы.

Ал *формалды талаптарға* мыналарды жатқызамыз:

- тіл нормасына сәйкестігі (фонетикалық, грамматикалық т.б. нормалар тұрғысынан дұрыстығы, кәсіби жаргонизмдерден ажыратылуы т.б.);
- лексикалық және формалдық қысқалығы (қысқа формасы);
- деривациялық қабілеті;
- формасының инварианттылығы;

- уәжділігі;
- жүйелігі және т.б.

Прагматикалық немесе функционалдық талаптар:

- кәсіби коммуникация барысында қолданылуы (қолданыс жиілігі мен жалпыға таныс, белгілі болу дәрежесі);
- интернационалдылығы (бірнеше ұлттық тілдерде формасы мен мазмұны бойынша сәйкес келуі);
- қазіргі заманауи сипаты (көне терминдердің қазіргі заманауи эквиваленттерімен алмастырылуы);
- айтылым ыңғайлығы (благозвучность) және т.б.

Терминологиялық бірліктердің ерекшелігі, ең алдымен олардың ішкі семантикалық ұйымдастырылуымен (құрылымы) айқындалады. Ғалым А.С.Гердтің пікірі бойынша: «Терминнің өзгешелігі тұрпат межесінде емес, мазмұн межесінде, яғни оның мағынасының табиғатында жатыр. Өйткені термин дегеніміз – ғылыми ұғыммен байланысты анықтамының белгілі бір сөзге жасанды, саналы түрде берілуі» [5, Б.34-41]. Яғни термин бір ұғымға ғана сәйкес келетін таңба, терминде таңба мен таңбаланушының сәйкестігі бірмағыналылық сипатқа ие.

Терминологиялық бірліктің ең кіші компоненті терминологиялық элемент ең кіші құрылымдық бірлікпен сәйкес келеді. Ол сөзжасамдық аффикс немесе терминологиялық сөз тіркесі құрамындағы сөзбен де берілуі мүмкін. Ал жай сөздің семантикалық құрылымы мен формалды ұйымдастырылуы көп жағдайда сәйкес келе бермейді. Оның үстіне терминдер арнаулы ұғымдарды белгілейді, сол себепті де олардың мағынасында коннотаттық компоненттер жойылады.

Ұғымды нақтылау кезінде жай (бір сөзді) терминге айқындаушы элементтер жалғанады, яғни бастапқы ұғымның түрлік корреляттары жасалады. Бұл ретте терминологиялық сөз тіркестері немесе құрама, бірнеше сөзден тұратын терминдер қалыптастырылады. Терминологиялық сөз тіркестері еркін және фразеологиялық сөз тіркестерінің ортасында орын алатын аралық түр ретінде көрініс береді. Мұның себебі терминологиялық сөз тіркестерінің грамматикалық құрылымымен түсіндіріледі, өйткені ол еркін сөз тіркестерінің грамматикалық құрылымына ұқсас келеді, ал бірнеше сөзден құралған терминнің семантикалық біртұтастығы құрама терминдерді фразеологизмдермен жақындастырады.

Дегенмен құрама терминдер үш белгі бойынша айқындалады: коммуникативтілік, тұрақтылық және сөйлеу барысында қайта келтірілу сипатына байланысты. Мазмұн межесі мен тұрпат межесі тұрғысынан құрама терминдер ерекше үлгі ретінде қарастырылады. Алайда олар да бір сөзді термин секілді арнаулы сөйлеуге дайын тұлғалар ретінде еніп жаңадан жасалмайды. Сонымен терминдерді өзімен тектес тілдік бірліктермен жүйелі қатынастарда болатын, арнаулы нысанды, ұғымды, құбылысты немесе қызмет түрін атау үшін қолданылатын арнаулы тілдік бірлік деп анықтауға болады.



Термин жалпы ұлттық тілдің бірлігі бола тұра арнаулы тілдің кішігірім жүйесінің мүшесі болып табылады. Осыған орай ол арнаулы тілдік бірлік ретінде танылып, арнаулы және кәсіби ұғымды атау нәтижесінде тілдік жүйенің басқа тілдік бірліктерінің ерекше сипатқа ие бола бастайды. Бұл жерде ең басты мәселе терминологиялық бірліктердің жоғарыда айталған сипаттарға ие болуы тек белгілі бір терминологиялық жүйе шеңберінде ғана жүзеге асатындығында. Себебі терминологиялық жүйеден тыс жерде термин тілдің жалпықолданыстық лексика қатарына өтеді, яғни бейтерминдену үдерісіне ұшырасады.

Әрбір терминнің терминологиялық жүйеде өз орны болады. Терминнің бұл орны өзі белгілейтін ұғымның сол ұғымдар жүйесіндегі орнына тікелей байланысты болып келеді. Терминологиялық жүйеден тыс қалған жағдайда термин өзінің негізгі белгілерін жоғалтып, жалпы тілдік жүйеде өзінің ұлттық-мәдени сипатын көрсетеді: полисемиялық, метафоралық, бейнелілік, экспрессивтілік, коннотаттылық, эмоционалдылық, модальдылық т.б. Сондықтан да терминдер мен терминологиялардың ең басты әрі маңызды қасиеттерінің бірі олардың жүйелілік табиғатында деген тұжырым жасауға болады және кез келген терминологиялық бірліктің зерттелуі сол жүйе негізінде жүргізілуі қажет.

Терминологиялық жүйелерді зерттеуде үш негізгі бағыт ажыратылады: логикалық, лингвистикалық және терминтанымдық:

- логикалық ұстаным бойынша сол ұғымдар жүйесіндегі негізгі, туынды және күрделі ұғымдарды белгілейтін терминдерді іріктеп алуға болады. Мұндай жіктелім ұғымдар жүйесінің негізіне алынған теория (концепция) мен сол саланың нысандарымен белгіленеді;

- лингвистикалық бағыт бұл терминологиялық жүйенің бірліктері формасы мен семантикасы тұрғысынан қандай лексикалық бірліктер арқылы беріліп тұр деген сұраққа жауап береді. Өйткені терминдер түрлі формалар арқылы берілуі мүмкін, сол себепті де олар бір жүйеге тек семантикалық жақындығы тұрғысынан ғана біріктіріледі;

- терминтанымдық бағыт жоғарыда аталған екі ұстанымды байланыстырып, термин мен терминологиялық жүйенің қарым-қатынастарын айқындайды, терминологиялық бірліктің сол терминологиялық жүйедегі орнын көрсетеді.

Жалпы жүйе дегеніміз бір-бірімен тығыз байланыста және сабақтастықта болатын біртектес элементтер жиынтығының күрделі біртұтастығы болып табылады. Жүйе ұғымы әрқашанда құрамдас бөліктерден тұратын құрылымды айқындайды. Ал құрылым дегеніміз құрам және біртұтас дүниенің ішкі ұйымдастырылуы. Жалпы лексиканың жүйелілігі тілдік бірліктердің тақырыптық топтарға бірігуімен анықталса (лексика-семантикалық жүйелер), терминологиялық жүйелер белгілі бір арнаулы саланың лингвистикалық моделін айқындайды.

Терминологиялық жүйе нақты бір саланың ғылыми-техникалық ұғымдар жүйесін сипаттайды. Бұл «күрделі динамикалық тұрақты жүйе...», оның негізгі

міндеті сол білім мен қызмет саласының таңбалық (тілдік) моделі ретінде қызмет етуі болып саналады» [7, 73 б.]. Сондықтан да терминологиялық жүйе дегеніміз – адам қызметінің арнаулы саласы ұғымдар жүйесін белгілейтін ретті терминдер жиынтығы. Олардың арасында міндетті түрде тұрақты байланыс болады, ал бұл байланыстар жиынтығы олардың құрылымын айқындайды.

Бұл ретте терминдердің логикалық жүйелілігі мен лингвистикалық жүйелілігі туралы айтуға болады. Себебі әрбір терминдер жиынтығы терминологиялық жүйе бола бермейтіні анық, тек терминологияның жоғары деңгейдегі дамуы терминологиялық жүйе жасалуына алып келеді. Сонымен бірге терминолог-ғалым Д.С.Лоттенің пікірі бойынша, терминдер терминологиялық жүйеде тектік-түрлік қатынаста болуы қажет, сонда ғана терминдерге қойылатын басты талап логикалық жүйелілікке қол жеткізуге болады.

Ал лингвистикалық жүйелілікке қойылатын талаптар өзгеше болып келеді. Мәселен: терминологиялық жүйе компоненттері немесе элементтерінің болуы; компоненттердің арасында байланыстың болуы; терминологиялық жүйе гетерогендігі; терминологиялық жүйе таңбалық элементтерінің материалдылығы (графикалық терминдердің); ашықтық; құрылымдық; басқарушылық.

Терминолог В.П.Даниленконың пайымдауынша, ретті жүйе ретіндегі терминологияға басқаша талаптар қойылады [8, Б.31-57]:

1) Жалпы тілдік талаптар: стандартталатын терминологияның берілуіндегі грамматикалық амал-тәсілдер; терминдер ретінде қолданылатын өзге тілді, диалектілі, ауызекі сөйлеу сөздеріне деген қарым-қатынас; терминдердің лексика-семантикалық сипаттамалары (көпмағыналылық, омонимдер, синонимдер, антонимдер); терминнің қысқа формасы;

2) Нормативтік талаптар (терминологиялар қалыптастырудың нақты талаптарынан тұрады): терминжасам үлгілері мен тәсілдерінің жалпы сөзжасам үлгілеріне және терминжасамның ерекше үлгілеріне сәйкес келуі; терминжасамның белгілі бір үлгілерінің басымдылық танытуы; терминдердің грамматикалық ерекшеліктері; терминологиялық құрылымдарға (құрама терминдерге) қойылатын стилистикалық талаптар.

Ал Д.С.Лоттенің қорытындысы бойынша терминологиялық жүйе мынадай талаптарға жауап беруі керек: жүйелілік, айқындылық, түсінікті болуы және дәлдік [2]. Яғни автордың түсінігі бойынша терминологиялық жүйе ұғымдар жиынтығының үш бірдей шартына сәйкес келуі қажет:

- терминологиялық жүйе ұғымдар жіктеліміне негізделуі тиіс;
- терминологиялық жүйеде терминделуші белгілер мен ұғымдар айқын болуы қажет;
- терминологиялық жүйе бірліктері терминделуші ұғымның басқаларымен ортақтығын, ұқсастығын айқындауымен қатар өзіндік ерекшелігін де белгілеуі керек.



Біздің ойымызша терминологиялық жүйелер төмендегідей критерийлерді де жоққа шығармауға тиісті:

- біртұтастық критерийі: терминологиялық жүйе бір концептіні жүзеге асыратын терминдер жиынтығынан тұруы қажет;

- элементтілік критерийі: терминологиялық жүйе элементтер жиынтығынан құралуы тиіс;

- құрылымдылық критерийі: терминологиялық жүйе терминологиялық өрістер, қатарлар, иерархиялық тәуелділік, тектік-түрлік және тағы басқа да қатынастармен айқындалатын элементтер арасындағы құрылымдық қарым-қатынастарға ие болуы қажет, сонымен бірге өзінен жоғары деңгейдегі жүйеге енуі керек, себебі терминологиялық жүйе жалпы тіл жүйесінің бір бөлігі болып саналады;

- динамикалық критерийі: терминдер тұрпат межесі, сондай-ақ мазмұн межесі тұрғысынан өзгеріске ұшырауы мүмкін;

- функционалдылық критерийі: терминология адам қызметінің белгілі бір саласына қызмет етеді. Сонымен кез келген терминнің ұғымдар жүйесіне тәуелділігі оның парадигматика ерекшелігінде және оның сол терминологиялық жүйедегі басқа терминдермен тіркесімділік табиғатында айқын көрініс табады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Головин Б.Н., Кобрин Р.Ю. Лингвистические основы учения о терминах: Уч.пос. М., 1987.

2 Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии. (вопросы теории и методики). – М., 1961. – 43 с.

3 Квитко И.С. Терминоведческие проблемы редактирования. Львов, 1986.

4 Березин Ф.М., Головин Б.Н. Общее языкознание: Учеб.пособие для студентов пед.ин-тов. М., 1979.

5 Герд А.С. Формирование терминологической структуры русского биологического текста. Л., 1981.

6 Гринев С.В. Введение в терминоведение. М., 1993.

7 Лейчик В.М. Об относительности существования термина//Семиотические проблемы языков науки, терминологии и информатики. – М.: Изд-во Моск. Унта, 1971. – С. 72-75.

8 Даниленко В.П. Русская терминология: Опыт лингвистического описания. – М., 1977. – 246 с.

С. Исакова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Г. Алмұханова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік мемлекеттік университеті магистранты*

ТІЛ БІЛІМІ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ, КӘСІБИ ЖӘНЕ ҚАРАПАЙЫМ ЛЕКСИКОНДАҒЫ КОГНИТИВТІК ҚҰРЫЛЫМЫ (АССОЦИАЦИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ)

Тіл білімі терминдерінің ғылыми, кәсіби және қарапайым лексикондағы когнитивтік құрылымын анықтау мақсат етіп қойылды. Ғылыми, кәсіби және қарапайым лексикондағы тіл білімі терминдерін зерттеу СИНТАКСИС терминінің ассоциативтік өрісін талдау әдісі арқылы жүргізілді. Алынған мәліметтер еркін ассоциациялық тәжірибе және арнайы дайындалған (арнайы құрастырылған тапсырмалар) ассоциациялық тәжірибе негізінде ұйымдастырылды. Тәжірибеге 84 информант қатысты.

Еркін ассоциациялық тәжірибеге қатысу үшін кәсіби күзиреттеліктері ғылыми, кәсіби және қарапайым типтеріне сәйкес келетін арнайы бақылау тобы құрылды. Ғылыми лексикондағы терминнің когнитивтік құрылымын анықтау үшін зерттеуге Қ.Жұбанова атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің студенттері қатысты: I курс (10), II курс (15), III курсы (14), IV курс (20). Кәсіби лексикондағы терминнің когнитивтік құрылымын анықтау үшін зерттеуге Ақтөбе қаласындағы №86, №50 мектеп мұғалімдері (10) қатысты. Қарапайым лексикондағы терминнің когнитивтік құрылымын анықтау үшін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің құқық факультетінің 3 курс студенттерінен (15) бақылау тобы құрылды. Еркін ассоциациялық тәжірибеге барлығы 84 информант қатысты. Арнайы дайындалған ассоциациялық тәжірибе ғылыми лексикондағы терминнің когнитивтік құрылымын анықтауға бағытталды. Ол үшін 3 арнайы топ құрылды. Оларға СИНТАКСИС терминіне анықтама беру және ассоциациялық өрісін жазу тапсырылды.

Еркін ассоциациялық тәжірибе

Еркін ассоциациялық тәжірибеден алынған мәліметтерді талдайық.

Жұмыста ассоциативтік өріс (АӨ) деп тәжірибеге алынған терминге берілетін ассоциациялардың жиынтығын түсінеміз. Талдау төмендегідей деңгейлерде жүргізіледі: когнитивтік, грамматикалық, лексика-семантикалық және прагматикалық. Жұмысымызда когнитивтік деңгейде терминнің ассоциативтік өрісінің концептуалдық құрылымы, грамматикалық және лексика-семантикалық деңгейде - ассоциативтік, лексика-грамматикалық, лексика-категориялық және деривациялық құрылымдары, ал прагматикалық деңгейде терминнің АӨ бағасы, құндылығы қарастырылады.



Когнитивтік деңгей

Терминнің АӨ концептуалдық құрылымы лексикографиялық дереккөздерде бекітілген концептілерден тұрады, яғни тіл білімі дамуының бірінші және екінші кезеңдеріндегі синтаксис терминінің анықтамасы. Жалпы алғанда Сөйлем (88%), Баяндауыш, Бастауыш (74%), Сөз тіркесі (65%), концептілері көбірек кездеседі.

Зерттеу жұмысымызда информанттардың әрбір тобының АӨ талданады (барлығы 84 АӨ). Мысал ретінде, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің филология факультетінің I курс студенттерінің АӨ концептуалдық құрылымы (қ-з. 1 кесте) берілді. Аталған информанттар синтаксис терминінің АӨ барлық концептілерді жазған.

Сөйлем концептісіне қатысты басым көпшілігі жай сөйлемнің түрлерін берген. Бастауыш, баяндауыш концептілеріне олардың дара, күрделі және үйірлі түрлері беріледі. Сөз тіркесі көпшілігі келесідей сипатталады: предикаттық қатынас, атрибуттық, объектілік, адвербиалдық қатынас.

1-кесте

Қ.Жұбанова атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің I курс студенттерінің АӨ концептуалдық құрылымы

Концепті	Мысалдары	Реакция	%
СИНТАКСИС	Бастауыш, баяндауыш, сөйлем, сөз тіркесі	7	70
	Сөйлем, сөз таптары	2	20
	Жай сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, атаулы сөйлем	1	10
Барлығы		10 (информант)	100

2-кесте

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің IV курс студенттерінің АӨ концептуалдық құрылымы

Концепті	Мысалдары	Реакция	%
СИНТАКСИС	жай сөйлем, жалаң, жайылма сөйлем, жақты, жақсыз сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем	18	90
	күрделенген жай сөйлем, предикаттық байланыс, тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер, құрмалас сөйлем	15	75
	Есімше оралым, көсемше оралым, сөйлем мүшелеріне талдау	12	60

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Барлығы	20 (информант)	100
---------	----------------	-----

Келтірілген кестеден көріп отырғанымыздай, I курс студенттерінің АӨ сөз таптары деген ұғым синтаксис құрамында қаралып тұр. Яғни олар морфология мен синтаксистің зерттеу объектілерін шатастырған. Бұл жерде олардың ЖОО синтаксис курсына әлі оқымағанын, әзірге тек мектепте алған базалық білімімен жүргендігі көрініп тұр.

Байқап отырғанымыздай IV курс студенттерінің АӨ күрделі жүйемен құрылған. Яғни, олар СИНТАКСИС терминінің АӨ сөйлем түрлерін көбірек жазды. Бұл олардағы ғылыми білімнің орнығып, кәсіби маман болуға даяр екендіктерін көрсетті.

Ал, қарапайым дискурстағы тәжірибеге нысан етіп алынған құқық мамандығының III курс студенттерінде АӨ солғындау болды. Олардың басым көпшілігі бұл терминді түсіне алмады. Тек кейбір студенттер ғана оның қазақ тілімен байланысты ұғым екендігін естеріне түсірді. Біздің ойымызша, олардың мұндай нәтиже көрсетуінің себебі ЖОО оларға синтаксис курсы оқытылмайды. Ал, мектептен алған базалық білім бірнеше жыл өткеннен кейін ұмытылып қалған.

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘЛІСНАМА

3-кесте

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құқық мамандығының III курс студенттерінің АӨ құрылымы

Концепті	Мысалдары	Реакция	%
СИНТАКСИС	Қазақ тілі пәніне қатысты термин	5	33
	Жауап беруге қиналамын	10	67
Барлығы		15 (информант)	100

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, лингвистикалық дискурстағы терминнің когнитивтік құрылымындағы концептілер иерархиясы СИНТАКСИС терминінің концептілерінің қалыптасуын сөйлемнің даму тарихына сәйкес бейнелейді.

4-кестеде СИНТАКСИС терминінің ғылыми және қарапайым дискурстағы АӨ концептілердің бөлінуін сызба түрінде көрсетеміз. Үштен көп кездескен концептілерді «+» таңбасымен (концептінің барынша көп кездескенін +++ таңбасымен, екінші мағынасын ++ таңбасымен, үшінші мағынасын + таңбасымен) белгіледік.

Одан кейінгі концептілер «-» таңбасымен (төртінші мағынасы -, бесінші мағынасы --, алтыншы мағынасы - - - таңбасымен) белгіленді. Алынған мәліметтер ғылыми дискурста тіл білімі дамуының ғылыми кезеңіндегі терминдердің таралуын көрсетсе, ғылымның алғашқы кезеңіндегі терминдер қарапайым дискурста тән (қ-з. 4-кесте).



Кестеден байқап отырғанымыздай, қарапайым дискурса нысан етіп алынған құқық мамандығының студенттері аталған терминнің концептуалдық өрісін көрсетуде қиналды.

4-кесте

Лингвистикалық дискурстағы синтаксистің ғылымалды және ғылыми кезеңдеріндегі концептілердің арақатынасы

Дискурс		Ғылыми кезеңдегі концептілер			
Ғылыми I-курс II-курс III-курс IV-курс		+	+	++	++
		++	++	+	+
		+++	++	+++	+++
		+++	+++	+++	+++
Кәсіби	мұғалімдер	+++	+++	+++	+++
Қарапайым	заңгер студенттер	+	-	-	-

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Көріп отырғанымыздай, IV курс студенттерімен кәсіби тәжірибеге алынған мектеп мұғалімдерінің ғылыми білімі деңгейлес болды. Ескере кететін бір жағдай, біздің тәжірибеге қатысқан мұғалімдер 21-25 жас аралығындағы арнаулы оқу орындары мен жоғары оқу орындарын тәмәмдаған жас мамандар еді. Сондықтан олардағы ғылыми таным деңгейлес. Ал, қарапайым тәжірибеге нысан етіп алынған Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құқық мамандығының студенттері оң нәтиже көрсете алмады. Олар синтаксиске тұшымды анықтама бере алмады, яғни қиналатындықтарын білдірді. Ал, синтаксиске қатысты ассоциациялық өріске қазақ тілін жазған. Яғни, олардың кейбірінде мектептен қалған базалық ұғым солғын болса да, сақталған.

Синтаксис терминіне берілген анықтамаларға келсек төменгі курс студенттерімен жоғары курс студенттері арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Яғни, олардағы аялық біліммен таным өрісі бірдей емес. Төменгі курс студенттері бұл терминге қарапайым тілмен анықтама берді. Мысалы, I, II курс студенттері синтаксис терминінің анықтамасын жазыңыз деген тапсырмаға "сөйлем, сөз тіркесі туралы ғылым; сөйлем мүшелерін зерттейді" деп қысқаша көрсетсе, ал III, IV курс студенттері "сөз тіркесі мен сөйлем жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Бұл термин грек тілінен аударғанда "құру" дегенді білдіреді. Яғни, сөйлемнің құрылымын зерттейді" деп толық сипаттамасын жазған.

Сөйлем концептісіне көз салсақ, ол аталған концептілердің ішіндегі синтаксиске ең жақыны. Бұл концептіге қатысты берілген реакциялар ең көп тараған және 82% құрайды. Бұл концептіге қатысты берілген реакциялардың көбі ғылыми дис-

курста кездеседі (82 %). Оның ең көбі ғылыми дискурста (70%), ең азы кәсіби дискурста (12%). Сөйлем концептісімен ең көп кездескен реакциялар: жай сөйлем, құрмалас сөйлем, атаулы сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем.

Бастауыш, баяндауыш концептілері де жоғары белсенділігімен ерекшеленеді (74%). Осыған байланысты бастауыш, баяндауыш концептісінің ең көбі ғылыми дискурста (62%), ең азы кәсіби дискурста (12%) кездеседі.

Оның белсенді болуы сөйлеммен байланысты екендігінде болса керек. Өйткені, қазақ тіліндегі сөйлем құрылымында тұрлаулы мүшелер тұрақты түрде қатысады.

Одан кейінгі жоғары белсенділікке ие болған сөз тіркесі концептісі (65%). Мұның ең көбі ғылыми дискурста (56%), ең азы кәсіби дискурста (9%) кездеседі.

5-кесте

Терминнің АӨ концептуалдық құрылымы (%)

Дискурс	Сөйлем	Бастауыш	Баяндауыш	Сөз тіркесі
Ғылыми	70%	62%	62%	56%
I курс	9%	15%	15%	9%
II курс	17%	18%	18%	10%
III курс	20%	9%	9%	20%
IV курс	24%	20%	20%	17%
Кәсіби (мұғалімдер)	12%	12%	12%	9%
Қарапайым (заңгер студенттер)	-	-	-	-
Барлығы	84%	74%	74%	65%

Синтаксистің ғылымалды кезеңіндегі концептілерді талдау барысында олардың ең көп реакциясы ғылыми дискурста тән екендігі анықталды. Біздің зерттеу объектіміз тіл білімі, оның ішінде синтаксиске басты назар аударғандықтан сауалнаманы осы бағытта жүргіздік. Нәтижесінде қарапайым дискурста қатысушыларға бұл түсінік күрделі болып көрінді. Себебі, олар бұл терминді күнделікті қарым - қатынаста қолданбайды. Тілдесім барысында жиі қолданылып жүрмегендіктен қарапайым тіл сөйлерменінің санасындағы аталған терминнің АӨ солғын ренде болды.

Грамматикалық және лексика - семантикалық деңгей

Терминнің ассоциативтік құрылымы

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА



Енді терминнің ассоциативтік құрылымын талдауға көшейік. Терминнің ассоциативтік құрылымы дегеніміз стимул (сөйлем) мен оған берілген реакциялардың (жай сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, атаулы сөйлем, жақты сөйлем, жақсыз сөйлем, құрмалас сөйлем) арасында пайда болатын қарым - қатынас. Стимул мен реакциялардың арасындағы қарым - қатынасты талдау кезінде синтагмалық, парадигмалық және тақырыптық деп үш қатынастың түрін ажыратамыз. Синтагмалық реакцияларға стимулмен қандай да бір грамматикалық өзгеріске ұшырамаған синтаксемаларды (ойды жеткізу, хабар беру) жатқызамыз. Парадигмалық реакциялар ассоциативтік жұпта атауыштық қатынасты түсіндіреді (сөйлем түрлері, тұрлаулы мүшелер, тұрлаусыз мүшелердің байланысы).

Тақырыптық реакциялар стимулмен синтаксемалар құра алмайды, бірақ пропозицияның лексикалық бірліктері ретінде қарастырылады (сөз, сөз тіркесі).

Жалпы алғанда терминнің АӨ синтагмалық реакциялары - 52%, парадигмалық - 74%, тақырыптық - 62% құрайды.

Синтагматикалық реакциялар саны ғылыми дискурста көбірек кездеседі - 40,4%, ең азы кәсіби дискурста - 12% көрініс табады. Ғылыми дискурста ең көп көрініс табатын парадигмалық реакциялар - 59,1%. Тақырыптық реакциялар ғылыми дискурста - 52,3 % , қарапайым дискурста - 2,3%.

Демек, алынған мәліметтер бойынша СИНТАКСИС терминінің дискурсы қарапайым ортада жақсы меңгерілмегені байқалады. Өйткені, синтагмалық та, парадигмалық та, тақырыптық та реакциялар саны көп емес.

6-кесте

Дискурс	Синтагмалық	Парадигмалық	Тақырыптық
Ғылыми	40,4%	59,1%	52,3%
I курс	10,1%	5%	11,8%
II курс	13,5%	15,2%	18,6%
III курс	3,3%	10,1%	8,4%
IV курс	13,5%	28,8%	13,5%
Кәсіби (мұғалімдер)	12%	12%	12%
Қарапайым (заңгер студенттер)	-	-	2,3%

Терминнің лексика - грамматикалық құрылымы

Терминнің лексика - грамматикалық құрылымын сипаттауда төмендегідей өлшемдер ескеріледі: зат есімдердің саны (атау септігіндегі, жекеше және көпше

түрі), сын есім, есімше, үстеу, естістіктер саны, сонымен бірге сөз тіркестері. Жиі кездескен зат есімдерге бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш; сын есімдерге - толымды, толымсыз, жақты, жақсыз, атаулы, бұйрықты, лепті, сұраулы, хабарлы сөйлемдер; етістіктерге - зерттейді, қарастырады; сөз тіркестеріне - предикаттық қатынастан тұрады, ойды жеткізеді секілді тіркестерді жатқызамыз.

Терминді ең аз меңгерген информанттар қарапайым дискурста кездесті. Себебі, бұл термин олардың тілдік қолданысынан орын алмаған. Ғылыми және кәсіби дискурста зат есімдер, сын есімдер жиі кездеседі.

7-кесте

Терминнің АӨ лексика – грамматикалық құрылымы (%)

Дискурс	Зат есімдер	Сын есімдер	Етістік	Сөз тіркесі
Ғылыми	65,9%	64,2%	57,4%	62,7%
I курс	15,2%	1,6%	13,5%	-
II курс	22%	8,4%	16,9%	6,7%
III курс	18,6%	23,7%	6,7%	15,2%
IV курс	10,1%	30,5%	20,3%	28,8%
Кәсіби (мұғалімдер)	9,5%	12%	8,3%	12%
Қарапайым (заңгер студенттер)	2,3%	-	-	-

Байқап отырғанымыздай, синтаксис терминінің АӨ жазуда жоғары курс студенттері сөз тіркестерін көбірек қолданған. Мысалы, предикаттық қатынас, есімше оралым, көсемше оралым т.б. I курс студенттері сөз тіркестерін мүлдем көрсетпеді. Мұның себебі, олар әлі синтаксис курсына оқымағандықтан бұл түсініктермен таныс еместігінде болса керек.

Терминнің деривациялық құрылымы

АӨ деривациялық құрылымын талдау сөзжасамдық ұя жасайтын реакциялардың ең көбі ғылыми және кәсіби дискурста кездесті (82,2%). Оның басым көпшілігі ғылыми дискурста - 70,2%, ең азы кәсіби дискурста - 12% тиесілі.

Ғылыми дискурстағы сөзжасамдық ұялардың бөлінуі төмендегідей болды: толықтауыш - толықтыру (70,2%), анықтауыш - анықтау (67,8%), пысықтауыш - пысықтау - (65,5%).

Кәсіби ортадағы дискурста төмендегідей сөзжасамдық ұялар кездесті: толықтауыш - толықтыру (12%), баяндауыш - баяндау (12%), пысықтауыш - пысықтау (12%), анықтауыш анықтау - (12%).

Қорыта келгенде алынған нәтиже терминнің концептуалдық және деривациялық құрылымдарының белгілі бір дәрежеде сәйкес екендігін көрсетті.

Прагматикалық деңгей

Прагматикалық деңгейде терминнің АӨ субъективті бейнелілігі талданады. Талдау өлшемдерінің бірі ретінде бағалау алынады. Әдетте бағалау реакцияларының екі типі ажыратылады: біріншіде айқын көрініс тапқан бағалау, екіншісінде имплицитті, жасырын, олар арнайы талдау немесе түсіндіру жолымен анықталады. Біздің жұмысымызда бірінші типтегі бағалау реакциялары қарастырылады. Жалпы алғанда терминнің АӨ жағымды баға берілген реакциялар басымдық танытады (84,5%), жағымсыз баға берілген реакциялар саны аз (15,4%). Жағымсыз реакциялар алынған нәтиже бойынша қарапайым дискурста кездесті. Ал ғылыми және кәсіби дискурста жағымды реакциялар көрініс тапқан.

«Ғылыми - қарапайым» өлшемі бойынша дискурстың дамуы бағалау категориясының (жағымды да, жағымсыз да) күшеюімен сипатталады, мысалы: тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, атаулы сөйлем деген сөздерді жағымды бағаға жатқызамыз. Ал, қарапайым дискурста кездескен жауап беруге қиналамын, есіме түсіре алмадым, түсіну қиын деген секілді жауаптарды жағымсыз баға қатарына жатқызамыз.

Алынған нәтижелерімізді қорыта келе төмендегідей тұжырым жасауға болады.

Біріншіден, терминнің АӨ құрылымы дискурс типіне тәуелді екені анықталды. Бұл тәуелділік терминнің АӨ талдаудың барлық деңгейлерінде – когнитивтік, грамматикалық және лексика – семантикалық, сонымен бірге прагматикалық деңгейлерде кездеседі.

Екіншіден, «қарапайым/ғылыми» өлшемі бойынша дискурстарда реакциялардың көбірек көрініс табуы ғылыми концептілерге тән, ал олардың азаюы концептілердің ғылымалды кезеңіне тән екені анықталды; парадигмалық реакциялар санының көбеюі мен тақырыптық және синтагмалық реакциялардың азаюы анықталды; бағалау категорияларының әлсіреуі және олардың көрініс табу тәсілдерін реттеу қажеттігі анықталды;

Кәсіби дискурстың АӨ бірқатар белгілері бойынша ғылыми дискурспен ұқсас болып келеді.

Жүргізілген тәжірибені қорыта келгенде, ғылыми таным адамның жас мөлшеріне, жинақталған тәжірибесіне, кәсіби біліміне тәуелді екеніне көз жеткіздік. Себебі, жоғары курс студенттерімен кәсіби мамандар санасындағы ғылыми таныммен төменгі курс студенттерінің танымы бірдей емес. Яғни, төменгі курстар барынша қарапайым анықтама берді. Ал, филологиядан мүлдем тыс құқық мамандығының студенттері бұл терминді түсіндіре алмады. Яғни, бұған олардың таңдаған кәсіптерінің ерекшелігі, тіл білімі туралы тәжірибесінің жоқтығы мен арнайы білімдерінің аздығы, оны жетілдіріп, дамытпауы себеп болған деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде, терминді когнитивтік тұрғыдан қарастыру үшін тіл сөйлерменінің санасындағы ментальды процестерді анықтап алған дұрыс. Ол бізге термин аталымындағы күрделі ғылыми танымды түсінуге мүмкіндік береді.

Когнитивтік терминтаным тілге деген антропоцентристік көзқарастан туындаған. Тіл арқылы жарыққа шығатын адам санасындағы дүниенің тілдік бейнесі когнитивтік лингвистиканың негізгі нысандарының бірі болып табылады. Яғни, когнитивтік терминтаным терминді «адаммен байланысты» қарастырады.

Зерттеу жұмысымызда тіл білімін, оның ішінде синтаксис саласына баса назар аударғандықтан, ғылыми, кәсіби және қарапайым ортадағы аталған терминнің таралымына сауалнама жүргіздік. Сауалнаманың ғылыми тәжірибесіне Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің филология факультетінің I, II, III, IV курс студенттері, кәсіби тәжірибеге Ақтөбе қаласындағы №8, №50 орта мектеп мұғалімдері, ал қарапайым дискурсқа аталған оқу орнының құқық мамандығында оқитын 3 курс студенттері қатысты. Сауалнама нәтижесінде ғылыми тәжірибеге қатысқан студенттер арасында төменгі курс пен жоғарғы курс студенттерінің ғылыми танымында айтарлықтай айырмашылық байқалды. Төменгі курс студенттері синтаксис терминнің анықтамасын қарапайым сөзбен беріп, АӨ де қарапайым ұғымдармен бейнеледі. Ал, жоғарғы курс студенттері кәсіби тәжірибеге қатысқан мектеп мұғалімдерімен деңгейлес болды. Бұл жердегі ескере кететін жағдай, біздің сауалнамамызға қатысқан мектеп мұғалімдері арнаулы оқу орнын бітірген, енді бірі ЖОО бітірген жас мамандар. Ал, жоғарғы курс студенттері болса кәсіби жолға қадам басқалы тұрған мамандар. Сондықтан, олардың ғылыми танымы ұқсас деңгейде болды.

Ал, қарапайым дискурсқа қатысқан болашақ заңгер студенттер аталған терминге анықтама беруде қиналды. Мұндай нәтиже көрсетуіне олардың таңдаған кәсіптерінің ерекшелігі, тіл білімі туралы тәжірибесінің жоқтығы мен арнайы білімдерінің жоқтығы әсер етті.

Сауалнамамызды қорыта келгенде, тіл білімнің бір саласына жататын синтаксис терминінің қарапайым дискурста қолданылу аясы шектеулі. Сондықтан, қарапайым тіл сөйлерменінің танымында оның анықтамасын айту және АӨ құру кедергі келтірді.

Осыған орай, терминнің қоғамдық ортада таралуы келесідей тұжырым жасауға мүмкіндік берді:

- терминді түсіну жинақталған кәсіби тәжірибемен тығыз байланысты;
- терминнің мәнін ұғынып, тәжірибеде қолданысқа енгізе білу адамның жас мөлшерімен, кәсіби қызметіне тәуелді;
- терминнің санадағы бейнесін оны үнемі қайталап, кәсіби қызметте пайдаланып, дамытып отырумен байланысты деп айтуға болады.



А. Әбділманов

Орал қаласы

*Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

Заң саласындағы құжат тілінің мысалында арнаулы тілдің анықталу жайы

Ғалымдардың көрсетуінше, «арнаулы сипат алған лексика дегеніміз - қоғамдағы өзара ыңғайлас әртүрлі әлеуметтік топтардың мамандығына, қызметіне, шұғылданатын кәсібіне байланысты қалыптасқан сөздері мен сөз қолданыстары екен (сөйлемше, я сөз тіркестері) [1, 153 б.]. Оның жалпы лексикадан ерекшелігін терминші ғалым Қ.Айдарбек: «арнаулы лексиканы жалпықолданыстық сипатта пайдаланыла алмайды, себебі лексиканың бұл түрін тек сол салада қызмет етушілер ғана түсінеді де және ол бөлек, жеке арнаулы коммуникация құралы болып табылады», – деп анықтаған [2, 62 б.].

Берілген шағын анықтамалармен таныса отырып, арнаулы лексиканың бірнеше тілдік бірліктерден тұратындығы мен олардың ортақ мақсатта жұмыла еңбек еткен мамандардың арнаулы сала тілін құрайтындығын аңғарамыз.

Ортақ мақсатқа жетуде қолданылатын арнаулы мақсаттар тілі туралы алғаш рет чех зерттеушісі Любомира Дрозд сөз еткен болатын. Арнаулы сала тілі турасында зерттеуші «арнайы қызмет көрсету үшін алынған тіл» деп алып, ұлттық әдеби тілден өрбіген бағынышты тіл (подъязык) деген анықтама берген [3, 120 б.].

Арнаулы мақсатты тілдер жайында Қ.Айдарбек: «Тарихи категория ретінде анықталып, олардың пайда болуы әдеби тілдердің қалыптасуынан бұрынырақ қолөнер, сауда-саттық т.б. дамуымен байланысты болды», – дейді де, Г.О.Винокур, Л.Н.Капаназе, Ю.Н.Бельчиков, А.А.Реформатский, Д.С.Лотте, В.В.Виноградов, В.П.Даниленко, Т.Н.Канделаки, В.М.Лейчик, В.Н.Гречко, Л.И.Скварцов, Н.Л.Котелова, О.И.Блинова, Т.С.Коготкова, С.Д.Шелов, С.В.Гринев, М.Н.Володина сияқты атақты ғалымдардың зерттеулерінің арнайы нысаны болғанын атап көрсетеді [2, 94 б.]. Бұл сипаттаулардан арнаулы лексикадан өзге бүгінгі таңда маман немесе белгілі бір өнер иесінің қажеттілігіне орай арнаулы мақсаттар тілінің қалыптасқандығы көрінеді. Бұл тілдің басты ерекшелігі – арнайы қызметке мақсатталуы, жалпы халық тілінен кәсіби деңгейде оқшаулығы, жалпы қолданыстағы тілге бағыныштылығы.

Арнаулы сала тілінің ұлттық әдеби тілдің құрамынан өрбіген тіл екендігін орыс ғалымдары да (Н.Шанский, Г.Винокур, В.Бредихина, Т.Иванова, С.Гонцова т.б.) толықтай құптайды.

Осыған орай арнаулы сала тілінің «кішігірім тіл» немесе ғалым Ш.Құрманбайұлының анықтауы бойынша «салалық тіл» екендігін ескеруіміз



қажет. Кәсіби тілді зерттеуші Н.К.Горбовскийдің жорамалы бойынша, салалық тілді меңгерген маман көп тілді болып, полиглоссия орын алады екен [4, 29 б.]. Алайда, біз бұл оймен келісе алмаймыз. Арнаулы сала тілі – бұл ұлттық тілдің құрамдас бөлігі және тек сол тілдің аясында ғана дамып, жалпы әдеби тілдің кемелденуіне септігін тигізуі тиіс деп білеміз. Арнаулы лексика жалпыұлттық лексиканың құрамына кіреді [1, 153 б.].

Арнаулы лексика турасында ғалым Қ.Айдарбектің зерделеуіндегі: «Арнаулы лексика жалпы тіл жүйесі секілді ұйымдастырылады да, бірақ оған қарағанда көлемі жағынан аздау келіп кәсіптік бағыттағы өзінің «кішігірім тілдерін» қалыптастырады», – деген пікіріне біз де қосыламыз [2, 92 б.]. Бұл жердегі ғалымның «кішігірім тіл» деп көрсеткен бағынышты тілді кейбір зерттеушілер «салалық тіл» деп алып анықтама беріп жүр.

Салалық тіл туралы ғалым С.А.Гонцова мынадай анықтама береді: «Салалық тіл терминдермен қатар өзіндік лексикалық және грамматикалық сипаты бар белгілі бір мәтіндердің байланысынан тұрады» [5, 10 б.].

Қ.Айдарбек: «Кішігірім тіл дегеніміз – тілдің кәсіптік мақсатта жұмсалатын ерекше формасы. Бұл салада тек сол кәсіби қызметке қажетті болып саналатын тілдік элементтер ғана қолданылады», – деп тұжырымдайды.

Нәтижесінде, арнаулы сала тілінде бірнеше лексикалық бірліктердің белгілі бір мақсатта қолданылып арнаулы мәтіндерді құрайтындығы анықтала түсті.

Зерделеп қарар болсақ, ауқымды заң саласында да тұтынылып жүрген лексикалық бірліктер, сөйлемдер мен сөйлемшелердің өзіндік қолданылу заңдылығы, реті бар. Қолданыстағы атауыштары құжат тілі арқылы узуалданып бүгінгі сала тілін құрап жүр. Осыған орай қатаң тәртіппен, норманы ұстанатын салада ең бірінші негіз болатын құжат одан кейінгі құжаттардың лексикалық қабатын, сөйлемдердің құрылымы мен қолданысын айқындап, белгілейтінді аңғарылады. Біз практикалық тұрғыдан талдауға алған заң саласында құжат тілі белгілі бір тәртіп, нақты үлгі негізінде жазылатындығына көз жеткіздік. Құжатта өзіндік лексика, клише, сөйлем құрылымы, мәтіннің құрылысы болады. Заң баптарына сүйене отырып, заң тіліне сәйкестендіріліп жазылған құжат белгілі деңгейде арнаулы тілді танытып тұрады. Сөзіміз нақты болу үшін сот саласында негізгі құжат түрі саналатын үкім мәтінінің кейбір бөліктеріне тілдік талдау жүргізіп көрелік.

Құжат бөліктері соттың Қазақстан Республикасының қылмыстық істі жүргізу кодексінің шеңберінде істі қарау тәртібіне сай жазылады. ҚР ҚПК баптарына сай өзіндік бөліктері бар екені белгілі, десек те, біз тілші ретінде құжат мәтінін семантикалық тәсілде топтап қарағанымызда, жалпы мәтіннің он мән-мағыналық бөліктен тұратындығын аңғардық. Әр қайсының тілдік құрылымында өзіндік ерекшеліктері және өзара тұтастырып тұратын біртекті грамматикалық өзегі бар.

Мәселен, *құжат істі қарауды сот құрамын жариялаудан, куәларды жау-*



аптаудан, жәбірленушілердің жауаптарын тыңдаудан, сотталушыны жауаптаудан, іс материалдарын зерттеуден, жарыссөзден және қаулы шығарудан тұрады. Сол секілді үкім құжаты да іс бойынша сот құрамын мәлімдеуден; іс бойынша айыпталушының жеке басы мен айыпталу дәрежесін атаудан; іс бойынша анықталған мән-жайларды сипаттаудан; сотталушы не айыпталушының жауабы мен уәжінен, іс бойынша жәбірленушінің жауабы мен уәжінен, іс құжаттарындағы деректерді дәлел ретінде келтіруден, соттың іс материалдарын зерделей отырып, алдын ала қылмыстық белгілерді бағалаудан, соттың заң баптарына сүйене отырып, қажет деп табуынан, соттың үкім етуінен және іс бойынша шағымдану жағдайын көрсетуден тұрады. Әр қайсының грамматикалық құрылымына тоқталып қарасақ, өзіндік табиғаты, арнаулы лексикасы, морфологиясы, синтаксистік құрылымы бар. Құжаттың грамматикалық құрылымы қалыпты, 10-15 пайыз ғана өзгеруі мүмкін, басқаша жағдайда, тек ішкі мазмұны, деректері мен мәліметтері ғана өзгеріп отырады. Нақты талдаулармен, мысалдар келтіріп көрелік.

Құжаттың аталу түрі «Қазақстан Республикасының атынан «ҮКІМ» деген қолданыс тұрақты оралым. Шығыс септігінің тұлғасы еш өзгертілмейді. **Іс бойынша сот құрамын мәлімдеу** мынадай лексикалық бірліктерден тұрады: *облыстық не қалалық соты, құрамында, төрелік етуші, хатшылықта, мемлекеттік айыптаушы, қорғаушы, жәбірленуші, қатысуларымен, басты ашық сот мәжілісінде, туған, ұлты, азаматы, орта, арнаулы не жоғары білімді, үйленген, үйленбеген, жұмыста не жұмыста жоқ, мекенжайы, айыптау актісінің көшірмесін алған, дыбыс жазба құралын қолданып т.б.* Көрсетілген лексика қатары негізінен тұрақты, тек жағдайға байланысты, жеке мәліметтермен толықтырылып жазылады. Мысалы,

Қазақстан Республикасы атынан

ҮКІМ

11 ақпан 2011 жыл

Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық соты құрамында: төрелік етуші судья М.Б.Иванова, хатшылықта Г.Туканова, аудармашы Р.Сейтимова, мемлекеттік айыптаушы Ж.Болатов, қорғаушы Ф.Ж.Қыдыров, жәбірленушілер Г.А.Рожнин, А.С.Попов, М.В.Яковлев, Е.М.Нариқов, Н.Е.Абдулова, О.Н.Надеждина, А.К.Кенжеғалиев, қатысуларымен Орал қаласында басты ашық сот мәжілісінде

Галиев Самат Маратович 20 ақпан 1980 жылы Батыс Қазақстан облысы Казталовка ауданында Ажбай ауылында туған, қазақ, ҚР азаматы, орта білімді, үйленбеген, жұмыста жоқ, мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Подстепное ауылы ПДП 6/3, №2 аумақ, бұрын қылмыстық

жауапкершілікке тартылып, жәбірленушілермен татуласып қылмыстық іс қысқартылған, айыптау актісінің көшірмесін алған, оны ҚР ҚК-нің 190-бабы 1-бөлігі, 188-бабы 3-бөлігі айыптап сотқа берген қылмыстық істі басты сот талқылауында дыбыс жазба құралын қолданып қарап, сот

АНЫҚТАДЫ:

Құжат мәтінінің үзіндісінде тұрақты қолданыс тауып жүрген лексиканы талдауға алып көрер болсақ, Орал облыстық не қалалық соты, құрамында, төрелік етуші, хатишылықта, мемлекеттік айыптаушы, қорғаушы, жәбірленуші, қатысуларымен, басты ашық сот мәжілісінде, туған, ұлты, азаматы, орта, арнаулы не жоғары білімді, үйленген, үйленбеген, жұмыста не жұмыста жоқ, мекенжайы, айыптау актісінің көшірмесін алған, дыбыс жазба құралын қолданып т.б

Мәтінде сөз тіркесі түрінде қолданылып жүрген Орал облыстық соты, төрелік етуші, мемлекеттік айыптаушы, басты ашық сот мәжілісінде, жоғары білім, жұмыста жоқ, айыптау актісінің көшірмесі, дыбыс-жазба, жазба құралы, жазба құралын қолданып деген сияқты сөз тіркестері бар.

Мәтін ішіндегі сөйлем мен сөздер бір-бірімен гармматикалық байланыста қолданылады. Кез-келген қатар тұрған сөздер бір-бірімен байланыса бермейді. Сөздердің сөйлемде байланысуының белгілі бір тәртібі бар. Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздер жалғау арқылы, шылау арқылы, сөздердің орын тәртібі арқылы, интонация арқылы байланысатыны белгілі.

Сөздер септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысқа түседі. Осы жалғаулардың қатысуымен сөздің өзара байланысынан белгілі синтаксистік қатынас, грамматикалық мағына беріп отырады.

Мысалы: Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық сот+ы(т.ж) құрамы+нда (Ж.с): төрелік етуші судья М.Б.Иванова, хатишылық+та (Ж.с.) Г.Туканова, аудармашы Р.Сейтимова, мемлекеттік айыптаушы Ж.Болатов, қорғаушы Ф.Ж.Қыдыров, жәбірленушілер Г.А.Рожнин, А.С.Попов, М.В.Яковлев, Е.М.Нариков, Н.Е.Абдулова, О.Н.Надеждина, А.К.Кенжеғалиев, қатысулар+ы+мен Орал қаласында басты ашық сот мәжілісі+нде (Ж.с.)...

Жалпы қазақ тілінде сөздер ретіне қарай шылаулар арқылы байланысады.

Алайда біз талдауға алған құжаттың іс бойынша сот құрамын мәлімдеу бөлігінде бұл тәсілмен байланысқан тіркестер қалыптаспаған.

3) Тілімізде сөздер орын тәртібі арқылы да байланысады.

Мысалы: басты ашық сот мәжілісінде деген тіркесте немесе төрелік етуші, жоғары білім дегендей мысалдарда анықтаушы сөз бен анықталушы сөз қатар тұруы арқылы анықтаушының қатынаста орын тәртібі арқылы байланысқанын көрсетеді. Ал егер осы сөздердің орнын өзгертіп жіберсек, мүлде басқа мағына немесе мағынасыз сөйлем туады (ашық басты сот, білім жоғары, етуші төрелік). Бұл сөздер бір-бірімен тиянақты орын тәртібі арқылы байланысқа түседі.



4) Интонация арқылы байланысу. Мұнда екі сөздегі орын тәртібі тиянақты болуымен бірге, екеуінің арасында айтылуда дауыс ырғағы сақталып, екінші сөз сәл көтеріңкі естіледі, ал жазуда ол сөздер сызықшамен ажыратылады.

Мысалы: ұлты - қазақ.

Қазақ тіліндегі сөздердің өзара байланысу түрлерінің бес түрі бар. Олар: қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу. Бұл байланыс түрлері де арнаулы сала мәтінінде айқын көрінеді.

Бастауыш пен баяндауыштың жіктік жалғауы арқылы бір жақта және 1-2 жақтарда жекеше, көпше түрде байланысуын қиысу дейміз. *Судья басты ашық сот мәжілісінде анықтады деген* сөйлемде судья мен анықтады, бастауыш пен баяндауыш III жақта қиысып тұр. Арнаулы мәтін бөлігінде бастауыш пен баяндауыш тек қана III жақта қиысады.

Ілік септік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздердің байланысу түрін матасу деп атайды. *Айыптау актісінің көшірмесі, Орал қалалық соты құрамы* дегендегі ... *актісінің көшірмесі, ... соты құрамы* тіркестері матасып тұр. Құжаттың осы бөлігінде ілік септігінің жасырын тұруы жиі кездеседі. Мысалы, Орал қалалық соты(ның) құрамы..., аудармашы(ның), айыптаушы(ның), қорғаушы(ның), жәбірленушілер(дің) қатысу...ы (салыстырсақ - *аудармашы, мемлекеттік айыптаушы, қорғаушы, жәбірленушілер қатысулар+ы+мен*). Ілік септігінің түсіріліп қолданылуы жалпы құжат стиліне тән. Мәселен, бас сот(тың) талқылауында, айыптау(дың) актісінің көшірмесін т.б.

Тілімізде басыңқы сыңар мен бағыныңқы сыңардағы сөздің атау мен іліктен басқа септік жалғауларының біреуі жалғануы не шылау арқылы байланысу түрін меңгеру деп атайды.

Басты ашық сот мәжілісінде дыбыс жазба құралын қолданып қарап анықтады немесе қылмыстық істі басты сот талқылауында дыбыс жазба құралын қолданып қарап анықтады. Сөйлемдегі *мәжілісінде анықтады, сот талқылауында анықтады* дегендер меңгеріле байланысып тұр.

4) Сөздердің қатаң орын тәртібі нәтижесінде қатар тұру арқылы байланысу түрін қабысу деп атайды. Мысалы, *ашық басты сот, жұмыста жоқ, дыбыс жазба құралы т.б.*

Осындағы *ашық басты* дегендер берік орын тәртібі арқылы байланысқан, олардың орнын ауыстырсақ, байланыс бұзылады.

5) Басыңқы сыңар мен бағыныңқы сыңардың орын таңдамай, жақын да, қашық та тұруы арқылы байланысу түрін жанасу деп атайтыны белгілі. Алайда біз талдауға алған арнаулы мәтін үлгісінде сөздердің орнын ауыстырып сөйлем жазуға болмайды. Бұл грамматикалық мүмкіншіліктің болмауынан емес, құжаттың қатаң стандартталуына орай туындаған талап.

Қорыта айтсақ, заң құжаттарының жазылуында бірізділік пен нормалану жедел жүргізіледі. Құжат лексикасынан бастап, сөйлем құрылымына дейін

бірізділік, стандартты тіл талап етіледі. Процессуалдық құжаттар заң мен кодекс шеңберінде, сол тілде, сол сөз саптау ырқында ғана жазылады. Бұл ретті терминші-ғалым Ш.Құрманбайұлының: салалық тіл (подъязык) – барынша кәсіпке бағыттандырылғандығымен көрініс беретін, тілдің өмір сүруінің айрықша түрі. Әрбір салалық тіл адам қызметінің белгілі бір саласына қызмет етеді», – деп көрсетуі толық сәйкеседі [3, 54 б.]. Заң саласы тілінде қалыптасқан тәжірибедегі тілдік қолданыстың қайталанып отыру сипаты басым. Өйткені құжаттың мазмұны да, сөйлем құрылымы да, терминдері мен арнаулы сөздік қолданыстары да – түгелдей сүйенерлік, сілтеме жасайтын құжат мәтінін қажет етеді. Сондықтан процессуалдық құжаттардың тілін елеп-екшеу үшін салалық тілді стандарттау кезінде негізгі құжаттар - кодекс, заң тіл заңдарының негізінде, емле, грамматика нормаларын сақтай отырып жазылуын о бастан қадағалауымыз керек. Заңның өзінің жазылуында негізге алынатын ереже, қағидалардың қатарында тілдік ережелер мен қағидалар тұруы қажет деп білеміз. Өйтпеген жағдайда өзінің заңды күшіне еніп, қолданысқа түсіп кеткен кейінгі құжаттарды түзету, өңдеу мүлде мүмкін болмай қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. - Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006.–Б.153.
2. Айдарбек Қ. Қазақ терминологиялық аталымының ономазиологиялық аспектісі: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2009.–Б.32-109.
3. Дрозд Л. К проблеме лингвистической теории терминологии // Теоретические и методологические вопросы терминологии: Международный симпозиум. – 1999. - С.120.
4. Горбовский Н.К. Профессиональная речь «функционально-стилистический аспект») // Функционирование системы языка и речи. – М., 1989.– 153 с.
5. Гонцова С.А. Словообразование в научно-технической терминологии. – Алма-Ата: Мектеп, 1990. – 96 с
6. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құрал. –Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 243 б.



Ә. Насыритдинова
С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ
аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты

ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНЖАСАМДАҒЫ СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ ОРНЫ

Қоғамдағы ғылым мен техниканың дамуы бір орында тұрмай, үнемі қозғалыста болатыны анық. Ендеше ғылымда кез келген жаңалық өзімен бірге сол жаңалыққа қатысты терминдер топтамасын дүниеге әкелетіні сөзсіз. Сондықтан да кез келген ғылымның белгілі бір тілде дамуының бір көрсеткіші сол тілде аталған сала терминдерінің жасалу деңгейі болмақ. Әдеби тіл стильдерінің бірі болып табылатын ғылым тілін қалыптастыруға негіз болатын термин сөздер туралы зерттеу еңбектерінде аз айтылып жүрген жоқ. Осы бағытта жазылған мақалада қазақ тілінің техникалық терминжасамындағы сөз таптарының орны сөз болады. Автор сөз таптарының техникалық терминдерді жасауға қатысуын саралап, олардың өзіндік үлесін анықтайды.

Термин қалыптастырудың бір жолы – жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі десек, сөздердің терминденуін сөз таптары тұрғысынан қарастырудың маңызы зор. Сөз таптарының терминденуі жөнінде тілші ғалымдар бұған дейін де сөз еткен, алайда олардың бұл бағыттағы пікірлері бір арнаға тоғыса бермейді.

XX ғасырдың 30-жылдарында Г.О.Винокуров терминдер тек зат есімнен жасалады, басқа сөз таптары зат есім негізіндегі сөз тіркестері қатарында ғана келеді деген пікір ұсынады. Ғалым техникалық терминдер қатарында көптеген етістіктер кездескенімен, олар терминологияға заттану арқылы енеді деп ой қорытады [1, 14]. Бұл көзқарасты қолдаған ғалымдар бұл пікірді сын есім, үстеуге қатысты да қолданды.

А.А.Реформатский болса, Г.О.Винокуровтың идеясын қолдап, зат есіммен бірге етістік, сын есім, үстеулер де термин бола алатынын айтып, зат есімге басымдық береді [2, 148].

Алайда бұл пікірмен келіспейтін де ғалымдар бар. Мәселен, В.П.Даниленко басқа сөз таптарынан жасалған терминдер жеке тұрып та белгілі бір мағына беретінін алға тартса [3, 80], О.С.Ахманова терминдердің кем дегенде төрт сөз табынан: зат есім, сын есім, етістік, үстеуден жасалатынын нақты мысалдармен дәлелдейді [4, 474]. Н.А.Щеглова «терминологиядағы дерексіздікті (абстракция), зат, сапа мен әрекет туралы ғылыми-техникалық ұғымдарды білдірудің шын мәніндегі бірден бір лексика-грамматикалық құралы зат есім болады», деп алғашқы пікірді қолдай түседі [5, 17].

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Шындығында да терминдердің барлығы тек зат есімдер бола бермейтінін ұзақ жылдар бойы терминология мәселелерімен кәсіптік дейгейде айналысып жүрген ғалым В.П.Даниленко өз зерттеулерінде дәлелдейді. Ол чех ғалымдарының аталмыш проблемаға қатысты зерттеулеріне сүйене отырып, тек зат есімдер ғана емес, сонымен қатар сын есім, етістік, үстеу, есімдік сияқты сөз таптары да термин бола алады деген қорытынды жасайды [3, 80].

Терминдердің негізінен зат есімдерден болуының негізгі себептері ретінде зат есім категориясының семантикалық мүмкіндігінің мол екендігі де, сондай-ақ, жоғары дәрежедегі абстрактілікті білдірудегі артықшылықты да жоғарыда аталған ғалымдар тарапынан әділ көрсетілгенін айтпасақ болмайды. Алайда зат есімдердің термин ретінде бірінші орында тұруының негізгі себебі осылар ғана ма, әлде өзге де себептер бар ма? - деген сұрақ туындайды. В.Даниленконың етістіктің бұйрық рай формасымен келетін тік тұр! көзде! сияқты әскери терминдермен осы тәрізді спорт терминдерін зат есімдермен алмастыруға еш келмейтінін айтады [3, 81].

Автордың бұл пікірі алдымен зат есімдерімен қатар етістіктің де термин бола алатындығын аңғартса, сол арқылы зат есімнің семантикалық мүмкіндігінен гөрі терминделуші ұғымдардың мол болатынын, яғни терминдердің бір ғана сөз табымен шектелмейтіндігінен хабардар етеді. Мәселен ойлау, сезіну, қабылдау сияқты терминдерде абстракті ұғым процеспен тікелей байланысты.

Терминологияда зат есімдер дерексіз ұғымдармен бірге деректі ұғымдарды білдіруі жағынан да бірінші орында тұр. Мәселен, техникадағы-иіндібілік, ебелек, қаңғалақ; медицинадағы асқазан, өт, сілекей; өсімдіктанудағы түйін, тұқымжарнақ, гүлтабан сияқты терминдер ұғымдардың атаулары.

Жалпы лексика негізінен сөздің тура мағынасының метафорлануы, сөз мағынасының тарылуы, кеңеюі (яғни нақтылануы) және калькалану тәсілдері арқылы терминденеді.

Жалпы терминологияда, оның ішінде техникалық терминологияда да етістіктер белгілі бір үдерістің, құбылыстың атауын білдіреді. Бұл туралы В.П.Даниленко былай деген: «терминами можно считать такие глаголы, которые... именуют важное основное понятие науки, называют основные процессы данной дисциплины»[3, 82].

Қазақ тілінің техникалық терминологиясында Айналу (вращение), бедерлеу (насекание), бүрку (опрыскивание), жонғылау (фрезерование), майлау (смазывание), сұйықталу (конденсация) т.б. сияқты көптеген етістіктен жасалған терминдер кездеседі.

Терминологияда сын есімдер көбінесе сөз тіркесі құрамындағы терминэлемент ретінде қолданылады. Сын есімдер терминдену кезінде өзінің лексика-грамматикалық және лексика-семантикалық қасиетін өзгертеді, яғни сапалық реңкі төмендеп, қатыстық сын есімдер семантика-морфологиялық қасиет иеленіп,



салыстырмалы шырай жасау мүмкіндігінен айырылады. Яғни сын есімдер ұқсас терминдердің ерекшеліктерін нақтылау үшін қолданылады. Мәселен, артқы ілмек (хвостовик), бастапқы күй (исходное положение), гидравликалық беріліс (гидравлическая передача) сияқты терминдерде сын есімдер үдеріс, зат атауының сынын, өзіндік ерекшелігін айқындап тұр.

Әдеби тілдегі сияқты терминологияда да сын есімдердің заттануы орын алады. Басқаша айтқанда, бірқатар терминдер сын есімдердің заттануы арқылы да жасалады. Мысалы, бояғыш, дербес, жанама, аспалы, тұйық, аудармалы, байытқыш сияқты терминдер осы сын есімдердің заттануы арқылы жасалған.

Тіліміздегі үстеу, есімдік сияқты сөздердің терминденуі өте сирек. Терминденген жағдайдың өзінде олар зат есім қатарына көшеді немесе тіркесті терминдер қатарында қолданылады.

Қазақ тілінің техника саласына қатысты терминдерінде де осы заңдылық сақталады. Әрине, аталған салада да сөз таптарының терминденуі түрлі дәрежеде жүзеге асырылады. Яғни, техникалық терминологияда әр сөз табының үлес салмағы әртүрлі болады. Олардың ішінде, әлбетте, басымдық алатын зат есімнен жасалған терминдер. Зат есім терминдер түбір күйінде де туынды зат есім түрінде де кездесе береді. Сөзіміз дәлелді болу үшін біз Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен 31 томдық сөздіктің 7- машинажасау саласына арналған томына талдау жасадық. Басқаша айтқанда, аталмыш томдағы қазақ тіліндегі терминдерді сөз таптарының, соның ішінде жасалу жолдары шегінде қарастырдық. Осы жұмыста зат есімді терминдердің көптігі дәлелденді.

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Кесте 1

Жұрнақ	Сөздіктегі сөз саны	Мысалдар
1	2	3
-у жұрнағы. Қимыл атаулы терминдер жасайды	93 термин	Айналу (вращение), бедерлеу (насекание), бүрку (опрыскивание), жонғылау (фрезерование), майлау (смазывание), сұйықталу (конденсация) т.б.
-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш жұрнағы.	65 термин	Тиегіш (загрузчик), шоғырлағыш (концентратор), тартқыш (тяга), теңгергіш (балансир), сақтандырғыш (предохранитель), қоректендіргіш (питатель) т.б.
-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнағы	35 термин	Айқастырма (крестовина), аспа (подвеска), бекітпе (закреп), белдеме (буртик), қаптама (кожух), құрсама (обойма) т.б.

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнағы	33 термин	Жалғастық (штуцер), толастатқыш (демпфер), тозғандық (изношенность), сынғыштық (ломкость) т.б.
-ша, -ше жұрнағы	19 термин	Арқанша (тросик), ауызша (дульцо), аралықша (мостик), қалқанша (щиток), қайрақша (брусок), қамытша (хомуток) т.б.
-уыш, -уіш жұрнағы	13 термин	Тежеуіш (тормоз), санауыш (счетчик), тіркеуіш (сцепка), тіреуіш (стойка), тиеуіш (погрузчик), бұрауыш (отвертка) т.б.
-ыс, -іс, -с жұрнағы	8 термин	Бүгіс (сгиб), кептеліс (затор); кідіріс (выстой), құйылыс (сток), үйкеліс (трение) т.б.
-шық, -шік жұрнағы	6 термин	Науашық (желобок), ершік (седло), кемершік (запечник), айқаршық (крестик), соташық (шток), тегершік (маховик)
-ық, -ік, -к, -к жұрнағы	6 термин	Сызық (линия), қыспақ (прижим), қарнақ (штанга), қырылдақ (храповик), тұғырық (подставка), тістеуік (кусачки)
-ым, -ім, -м жұрнағы	5 термин	Қосым (присадка), ойым (впадина), пішім (формат), қысым (давление), төсем (прокладка)
-ғы, -гі, -қы, -кі жұрнағы	4 термин	Сүзгі (фильтр), жұлынғы (выдра), бұрғы (сверло), бағдарғы (ориентир)
-шы, -ші, -хана, -шек, -қақ, -кек, -ын, -ін, -н жұрнақ- тары	Бұл жұрнақтар арқылы бірді-екілі терминдер кездеседі.	Пішін (форма), іскек (пинцет), күпшек (ступица), қайрақшы (заточник), ұстахана (кузница)

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген мәліметтер бойынша, аталған сөздіктегі терминдерді жасауға қатысқан жұрнақтар арасында –у, –ғыш, –гіш, –қыш, –кіш, –ма, –ме, –ба, –бе, –па, –пе, –лық, –лік, –дық, –дік, –тық, –тік жұрнақтары өте белсенді қызмет атқаратындығы, –ша, –ше, –уыш, –уіш, –ыс, –іс, –с, –шық, –шік, –ық, –ік, –к, –к, –ым, –ім, –м, –ғы, –гі, –қы, –кі жұрнақтарының белсенділігі орташа екендігі,



ал -шы, -ші, -хана, -шек, -қақ, -кек, -ын, -ін, -н жұрнақтарымен бірді-екілі термин ғана жасалғанын көреміз. Бұл көрсеткіш бір ғана сала сөздігін талдауда анықталып отырғандықтан, техниканың барлық саласындағы жұрнақтардың термин жасауға қатысу деңгейі осындай деуден аулақпыз. Дегенмен де, осы мысалдардың өзінен-ақ техникалық терминдерді қалыптастыруға белсенді қатысып жүрген жұрнақтарды анықтауға және олардың түбір сөзге жалғану арқылы оған үстейтін мағыналарына сай қандай ұғымға атау болатындықтарын анықтауға болады.

Сонымен бірге, біз жоғарыдағы кестеде тек төл сөздерге жұрнақ жалғану арқылы жасалған терминдерге тоқталдық. Ал техника саласында кірме терминдер құрамындағы түбір тұлғасы өзгеріссіз қалып, қосымшасы қазақ тіліндегі баламасымен алмастырылуы арқылы жасалған терминдер жеткілікті. Ондай терминдерді біз кірме терминдерге арналған тараушада талдайтын боламыз.

Жалпы, техникалық терминдерді жасауда морфологиялық тәсілдің өзіндік орны бар. Әлемдік тілдер арасында жалғамалы тіл тобына жататын қазақ тілінде жаңа атау жасауда сөз тудырушы жұрнақтардың термин жасауда да үлесі мол екендігі сөздіктерде берілген техникалық терминдерді талдау кезінде анықталды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Винокур Г. О. О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии. // Труды Московского института истории, философии и литературы. Т.5.сборник статей по языковедению. М., 1939. – с. 3-54.
2. Реформатский А. Что такое термин и терминология // Вопросы терминологии (материалы всесоюзного терминологического совещания). – М.: Изд. АН СССР. 1961. – 233 с.
3. Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания. – М.: Наука, 1977. – 243 с.
4. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1969. – 607 с.
5. Щеглова Н.А. К проблеме термина. Тула, 1983. – 32 с.
6. Құдайбергенов Р. Техникалық терминдер сөздігі. Алматы: Таймас, 2009. – 616 б.

А. Алдонгарова

*ҚР ДСӘДМ Мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бас сарапшысы,
Министрліктің салалық терминологиялық комиссиясының
денсаулық сақтау саласы бойынша мүшесі*

Н. Төлеева

*ҚР ДСӘДМ Салалық терминологиялық комиссиясының
денсаулық сақтау саласы бойынша мүшесі,*

*С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ
Терминологиялық комиссиясының бас сарапшысы*

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР МӘСЕЛЕСІ

Ұлт бірлігінің тұғыры, Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңында «Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы – тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» екендігіне айрықша назар аударылған.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған жолдауында айқындалған басым бағыттардың бірі - барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы ретінде мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назар аударылған.

Кез келген өркениетті мемлекеттегі аса маңызды қоғамдық саланың бірі – медицина саласы. Себебі мемлекеттің басты байлығы саналатын халықтың денсаулығы – оның толыққанды ел екендігінің де басты көрсеткіші. Сондықтан да медицина саласы бойынша мемлекеттік тілдің атқарар рөлі де ерекше.

Тіл білімі ғылымының және кез келген ғылым саласының серпінді дамуында термин сөздер орасан зор маңызды рөл атқарады.

Адамзат жер бетіне келгелі халықаралық дәнекердің бірі аударма тәрізді. Бір елден екінші елге ой-сана ауысуға да осы аударма себепкер болады. Аударма – біздің ұлттық мәдениетіміздің үлкен арнасы, тіл тазалығы мен әдеби тіліміздің дамуына себепші болып келе жатқан қозғаушы күш.

Зиялы қауым өкілдері сонау Абай заманында-ақ аударманың атқарар қызметін жақсы пайымдаған. Пушкин, Лерментов, Крыловтар XIX ғасырдың өзінде-ақ сахара көшпенділерімен бауыр басып кеткен. Қазіргі қазақ оқырманы тек орыс әдебиетінің ғана емес, бүкіл әлем әдебиетінің ең озық үлгілерін өз тілінде оқиды.

Қазақ тілінің сөздік құрамы өте бай, оған 67 мың сөз, 24,5 мың фразеологиялық тіркес – барлығы 91,5 мың лексикалық бірлік кірген бір ғана он томдық “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі” куә бола алады. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына кіреді және ол, әсіресе, ноғай, қарақалпақ тілдеріне жақын болып табылады.

Қазіргі таңда аударма араласпайтын, аударма қатыспайтын ғылыми-техни-



калық прогрестің саласы кемде-кем. Ғылымның қай саласына назар аударсақ та, сол саланың қаншалықты деңгейге жетіп, қаншалықты дәрежеге көтерілгені терминологиялық жүйесінен көрініп тұрады. Ал тілдегі көптеген терминдердің туындауы, терминологиялық лексика халық тілінің негізінде жасалады. Терминдердің өзіндік жасалу жолдары, қалыптасу тарихы, термин жасамға қойылатын талаптар бар. Термин жасам жүйесі ғылым мен техниканың, білім, ғылым және медицина салаларының түрлі даму сатыларынан өтіп, күрделі кезеңдерді өткерді. Қандай да бір жаңалық, жаңа ұғым терминмен белгіленіп, терминологиялық жүйеде өз орнын тауып отырады. Алайда сан салада жасалып, қолданысқа еніп жатқан терминдік лексика, бүгінде, өкінішке орай көбінесе игерусіз, назардан тыс қалып, өз бетінше өмір сүреді. Осындай терминдер медицина саласында өте жиі кездеседі. Университетімізде, жалпы республика аумағында сала терминдерін жүйелеуге, олардың қолданысын бірегейлендіруге білім ордамыздағы Терминологиялық комиссия, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жанынан құрылған Салалық терминологиялық комиссиясы (денсаулық сақтау саласы бойынша) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, терминдерді біріздендіру, қызметкерлерге қазақ тілінде құжаттарды әзірлеуге консультациялық және әдістемелік көмек көрсету жөніндегі бастамаларды үнемі қолдап отырады.

Медициналық терминдерді жүйелеу жөніндегі жаңа талаптарды әзірлеу, терминдерді және атауларды қазақ тілінің жазу нормаларына сәйкес ретке келтіру жұмыстары бүгінгі таңдағы қажетті шаралар болып отыр. Терминологиялық қорды жаңа терминдермен жаңарту тілдік тарихи мұраны қайта жаңғыртуды, сондай-ақ терминтану мен терминография жөніндегі арнайы жұмыстарды жүргізуді талап етеді.

Терминдерді қолданысқа енгізудің ең ұтымды жолы – оны қолданысқа енгізу. Бір терминнің әр өңірде әртүрлі пайдаланылатыны бәрімізге аян. Салалық терминологиялық комиссиясы отырысында қарастырылған мына терминдерге назар аударайық. Мәселен,

№	Орыс тілінде	1-нұсқа	2-нұсқа
1.	Лекарственная форма	дәрілік қалып	дәрілік түр
2.	Мазь	жақпа май, жағылма	жағар май
3.	Процесс	үрдіс	процесс
4.	Вспомогательные вещества	көмекші заттар	қосымша заттар
5.	Биологическая доступность	биологиялық жеткіліктілік	биологиялық тиімділік

6.	Истинный раствор	шынайы ерітінді	нағыз ерітінді
7.	«Тест на растворение»	«Ерігіштік тесті»	«Еру тесті»
8.	Суспензия	жүзгін	суспензия
9.	Упаковка	қатталуы	орамдалуы
10.	Запайка	тұйықтау	дәнекерлеу
11.	Вытяжка	сорынды	сығынды
12.	Всасывание	сорылуы	сіңірілуі
13.	Измельчение	ұсақтау	ұнтақтау
14.	Замачивание	малшындыру	суландыру
15.	Истирание	езгілеу	ысқылау
16.	Настойка	тұрынды	тұндырма
17.	Сироп	сироп	шырын
18.	Исходные вещества	алғашқы заттар	бастапқы заттар
19.	Настойка пустырника	арыстан құйрық тұндырмасы	сасықшөп тұндырмасы
20.	Трава горцивета весен- него	жанаргүл шөбі	көктемгі жалынгүл шөбі
21.	Сыпучесть	себілгіштік	сусымалдық
22.	Формование	пішіндеу	қалыптау
23.	Трехвальцовая мазетер- ка	Үш білікті жағылма ысқыш	Үш білікті гомоге- низатор
24.	Фильтровальная бумага	сүзгіш қағаз	фильтр қағазы
25.	Воронка	сүзгіш, шұңғыма	воронка
26.	Бракераж	ақаусыздандыру	бракераж
27.	Стерильный	зарарсыздандырылған	залалсыздан- дырылған

Сондай-ақ оқу үдерісінде жиі қолданылып жүрген кейбір сөздердің аудармасы қайта қарауды талап етеді: *ассоциированный профессор - қауымдастық профес-сор; надлежащая аптечная практика-тиісті дәріханалық практика; товарно транспортная накладная-тауарлы транспорттық накладной; лечебно-про-филактические учреждения-емдеу профилактикалық мекеме; рецепты - ре-цепттер, рецептер; безрецептурный-рецепсіз, рецептсіз; декомпенсация – де-компенсация; пресинапсный-пресинапстық; преартериальный-преартериялық; обеззараживание – залалсыздандыру; перегородка - қалқа; фибринолитиче-ский- фибринолиз дамытатын (фибринолитикалық); иммунокомпретирую-*



ице - (это генетический дефект иммунитета)-?; флотирующий тромб (это кровяной сгусток)-қан ұйындысы; протеолитическая единица ПЕ - протеолиздік бірлік ПБ; противовоспалительные цитокины-қабыну үдерісіне ықпал ететін цитокиндер; преасматическое состояние – демікпе алдындағы жағдай; истинная аплазия-шынайы аплазия (ағзаның толық дамып жетілмеуі); дереализация-қоршаған ортаны сезінудің бұзылуы; плод-шарана (кодексте берілген); коррелирует-өзара байланыстырады; пролекарство - ізашар дәрі; культура- өсірінді; посевной материал-себінді материал; оглушенность сознания- сананың көмескіленуі; ангионевротическое- ангионевротикалық; подострый – жеделге жуық; угнетающий ЦНС-ОЖЖ бәсеңдететін (басатын?); массаж-массаж; портальная гипертензия-портальді гипертензия; натрийуретический-натрийуретикалық; диуретические препараты-диурездік препараттар; ползучая эритема-жайылған эритема; сомато вегетативный синдром-сомато вегетативтік синдром; похмельный синдром- масаңдық табы синдромы; гипотензивно-гипореспонсивный синдром- гипотензивті-гипореспонсивті синдром; писчий спазм-жазу кезіндегі спазм; перемежающийся хромота – арагидік ақсаңдау; иммуноопосредованный-иммунитет арқылы.

Термин жасау ісі бүгін қарқын алғанымен, оның тамыры тереңде, өзге тілдің сөзін өз тіліне аудару сол тілдің лексикасын байытумен қатар, тілдік нормаларды да қайта зерделеуге мұрындық болады. Сөз сардары А.Байтұрсынов термин жасаудың талаптарын айқындап, осы талаптар сақталғанда ғана жаңа жасалған терминнің мәні ұғынықты әрі қолданыста түсінікті болатынына айрықша назар аударуды талап еткен.

Әрине, медицина саласы терминдерінің де пайда болуы тым әріде жатыр. Адамзат жаралғанда ауру- сырқау бірге жаралған. Халық қашанда табиғатпен етене өмір сүріп, одан қуат алып, ауру-сырқауына шипа да таба білген. Біздің ата-бабаларымыз көне заманда латын, грек тілдерінсіз-ақ өздерінің бай да құнарлы тілінде айтпақ ойларын, сезгендері мен түйсінгендерін жатық жеткізе алған. Көзге көрінген, көңілмен түйсінген заттарына, құбылыстарына атау да бере білген. Қазақ тілі әсіресе медициналық терминдерге бай. Соларды жаңғыртып, жанжандырып, қолданысқа енгізу қазіргі ұрпақтың міндеті. Бұл шаруамен тілтанушылар мен дәрігерлер тізе қоса отырып айналысса, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болар еді.

Қазақ топырағындағы алғашқы емші-дәрігерлер бүгінгі таңда қолданылып жүрген терминдерге қолдану сипатына, түріне, құрамына қарай атау берген. Осы орайда Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегіндегі кейбір терминдерге назар аударайық: сорбуын – хондроз; шорбуын – артроз; қорбуын – анкилоз; аңғарымдама – предварительный анамнез; қанықталығы – окончательный анамнез; жіктеме қанықталығы – anamnesis morbi; түптеме қанықталығы - anamnesis vitae; әйгіленімдік – признак, симптом; нілнәр – сок

лекарственных трав; сілімтір – жмых? (остаток после вытяжки, отвара и фильтрации); тыйғылар – останавливающие (Жәтел тыйғы – противокашлевые); басқылар – утоляющие (боль); құстырғы – рвотные; терлеткі – потогонные; айдатқы – гоняющие; уыт жойғы – противоядие; жібіткі – разжижающие, смягчающие (қақырық жібіткі); ұйықтатқы – снотворные; жадыратқы – бодрящие; іш жүргізгі – слабительные; ем дарым – исцеление; дарымдық меңземе – лечебная доза; шипашақ – рецепт; қайнатымды нілнәр – отвар; сүзінді нілнәр – фильтрованный сок.

Термин жасам барысында терминдердің концептуалдық құрылымын анықтауда ұғым мен мазмұнға айыркша назар аударған жөн. Себебі терминнің концептуалды құрылымы дегеніміз – белгілі бір ұғымдық сала иелерінің коммуникативтік байланысын қамтамасыз ететін референциялардың инвариантты жүйесі. Концептуалды құрылымды тіл жүйелері мен арнайы ұғымдар арасын байланыстыратын негізгі буын деп қарастыруға болады. Бұл арада тілмен тікелей байланыс мазмұнды аспект арқылы жүзеге асырылады.

*(Ұсынылған барлық терминдер
Министрліктің салалық терминологиялық
комиссиясы отырысында қарастырылды)*



Е. Әбдірәсілов

филология ғылымдарының докторы, доцент

Аудармадағы шарттылық талабын, сөйлем ішіндегі қолданыс ерекшелігін ескеру

Термин, жаңа сөз қалыптастыру – күрделі процесс. Жаңа сөз жасауда түрлі сипаттағы пікірлер мен ұсыныстардың болуы да заңды.

Осыған орай кейде әр өңірдің қазағының сөйлегенін, әртүрлі таным-түсініктегі қазақтың сөйлегенін көріп, говорлық, диалектілік ерекшеліктерге қатысты тағы бір жаңа тұжырым жасауға болатындай. Әр өңір өзі түсінігін, өз сөз қолдану ерекшелігін, өзінің танымындағы ұғымды түсіну сипатын жаңа сөздерді қалыптастыруда алға тарта жөнеледі. Қайсысы болса да уәжді пікір, дәлелді ой айтады.

Бірақ дәл ол үрдіспен жаңа ұғымның аудармасына қатысты айтылып жатқан пікірлер мен ұсыныстарды негізге алсақ, онда біз ешқашан да сол жаңа ұғымдарды қалыптастырып, біріздендіріп, жүйелей алмайтын сыңайлымыз. Әсіресе, соңғы кезеңде жасалған сөздің түпкі мағынасын қазбалап, қазақтың көне, ескі ұғымындағы сөздің қолданылу мағынасын алға тартып шыға келетін ағайын, ғалым, жұртшылық көбейді. Дұрыс жағы – мұндай пікірталас қалыптастырмай талдап, талғап барып енгізу үшін қажет-ақ. Бұрыс жағы? Біздіңше, бұрыс жағы басымдау болып тұр, өкінішке орай. Біріншіден, жасырын емес, көп ғалым, маман, тілші, тілші емес, тағысын тағы басқа азаматтарымыз осындай пікір айтуды, міне-міне қалыптасып қалды деп отырған сөзді, терминді бірер уақыт өткен соң жаңа оянғандай көріп, көкпар жасап тарта жөнелуді ел алдында көрінудің, атына ұпай жинаудың құралына айналдырғандай.

Екіншіден, Сіз қалай ойламасаңыз да тәп-тәуір қалыптасып қалған ұғымның жаңа атауын түрткілегенде не табасыз?! 20-25 жылдың ішінде барлық жаңа ұғым атаулы толығымен қамтылмаса да, біршама сөздер қазақтың тілдік табиғатының икеміне келтірілді, қазақшаланды, қазақтың сөзін де істің кәдесіне жасауға болатыны, қазақтың тілі де тірі тіл ретінде қызмет салаларының сұранысын өтеуге жарайтындығы дәлелденді. Ал оны жұлқылай жөнелгеннен гөрі, күш-қайратымыз бен ойлау қисынымызды өзге аударылмай жатқан сөздер мен тіркестерді қалыптастыруға жұмсағанымыз абзал. Әрине, бұл жеке пікір десек те, үлкеніміз болсын, кішіміз болсын дайынды сынап жөнеліп, жаңа ұғым қалыптастыруға, жаңа сөз жасауға құмармыз, ал қазақтың сөйлеу, сөз жасау жүйесіне қолайлы етіп сөз жасап беруге үлес қосып жатқанымыз шамалы деген ойдамыз.

Көзімізге түсіп үлгерген бірер ғана сөзді талдау, сол арқылы қазақ тілінің сөзжасам қабілетіне шүбә келтірудің қазіргі тілдік ахуал жағдайында қажеттілігі

жоқ. Әйтпесе, сол медсестраның, балконның, рыноктың, т.б. бірер ғана сөздердің қолданысын талдау арқылы айрықша әсер тудыруға ұмтылу – кері тартудың да бір көрінісі сияқты. Жанымыз ашыса, шын жанымыз ауырса үнсіз ғана тиісті деңгейде ұсыныс жасап, талдап, сөйтіп ел құлағы мен жазуы үйренетіндей мәнмәтіндерде қолдану арқылы қалыптастырған орынды болмақ. Ал ұпай керек болса, бұл салада біріздендіру, зерттеу, зерделеу, сараптау бағытындағы іс жүзіндегі жұмыстар жетерлік, соларды іске асырып та ұпай жинауға болады деген ойдамыз.

Осылайша батыра айтуымызға себеп те, негіз де жоқ емес. Соңғы кезеңдерде тілдің, сөздің, терминнің айналасында өткізіліп жатқан семинарларда, дөңгелек үстелдерде осы сипаттағы ұсыныстар мен пікірлер жиі айтылады. «тисе терекке, тимесе бұтаққа» болды-ау деген ойда отырсыз, қайткенде де пікір айтып қалудың, сөйлеп қалудың, көрініп қалудың тәсілі сияқты көрініп тұрады.

Үшіншіден, жасалған сөз атаулыны, олардың қолданысын осылай талдайтын болсақ, термині анағұрлым бірізге түскен, жүйеленген деген ағылшын, француз сияқты ғылымы дамыған елдердің тіліндегі терминдерді де жоққа шығарып, қолданудағы кемшілігін анықтай беруге болады. Сонда ол тілдерде сөз жасаушылар да «өтірік» аударма жасаған болып шығады ма?!

Төртіншіден, тілде шарттылық деген ұғым бар. О бастан қалыптасып, қанымызға сіңіп, бойымызға үйреніп қалғаны болмаса, сөз атаулының барлығына шарттылық тән. Уақыт шарттылыққа мағына жүктейді, сөз ұғымын кеңейтеді не тарылтады. Жаңа сөздің осы жағына да мән беруді, аз да болса қазақшаланып қалған ұғымдарды шұқылап, бұзып, аршып, қопарып, бүлдіріп, мықты боп көріну қаншалықты пайдалы, пайдасыз?! Пікір айтуда бұл мәселе де ескерілгені дұрыс деген ойдамыз.

Бесіншіден, тіл, тілдің стилі (ол тек біздің тіл ғана емес – Е.Ә.) уақыттар мен кезеңдердің, ғасырлар мен дәуірлердің еншісінде өзгеріске ұшырайды, сөздердің сөйлем жүйесіндегі қолданылу ерекшелігі өзгереді, өйткені жұрттың танымы да қоғамдағы өзгерістермен бірге ілгері жылжып отырады. Сондықтан, сөздердің қолданысын, әсіресе жаңа қалыптасып жатқан ұғымдардың аударма нұсқасының қолданысын мәнмәтін жүйесімен, сөйлемдердің, сөз тіркестерінің ішіндегі қолданысымен тығыз бірлікте қарастырған орынды.

Сынауға құмар болуымызға да басты себептің бірі – сөздің қолданысын сөйлемдегі орнымен бағалай білмейтіндігімізде сынайлы. Сөйтеміз де жаттап алған «қашан жүйеге түседіге» салып, айқайлауға бармыз. Тілде салалардың ерекшелігіне салып, әртүрлі нұсқаларда қолдануға мәжбүр болатын да тұстар кездеседі. Мысалы, «расход» – «шығыс», «затрата» – «шығын». Осыған қарап, «расходование» деген сөзді «шығыстау» деп немесе «затраченные расходы» деген сөздерді «шығындалған шығыстар» деп қолдана алмайсыз. Олар тиісінше «шығыстарды жұмсау», «жұмсалған шығыстар» түрінде қолданылады.

Немесе қарапайым ғана «*строительство*» сөзі заттық мағынасында «*құрылыс*», әрекетті білдіру мағынасында «*салу*» (*теміржол салу, ғимарат салу, т.б.*) нұсқасында қолданылады.

Болмаса «*ключтің*» барлығы бірдей «*кілт*» бола алмайды. «*Ключевые слова*»– «*негізгі сөздер*», «*түйін сөздер*» түрінде «*ключевые места*»–«*негізгі орындар*», «*басты орындар*», т.с.с. қолданылады.

Ендігі ретте, көз жеткізе түсу үшін «Терминологиялық хабаршының» 2016 жылғы № 1 (51) санында берілген сөздерді қолдануға қатысты ұсыныс-пікір түріндегі қолданыстарды қарастырып, қазақ тіліндегі сөйлемдердің ішкі жүйесінде қолданып көрейік.

«Мекенжай» сөзінің орнына «*тұрақ*» сөзі ұсынылады. Сонда «*тұрағыңызды көрсетіңіз*», «*тұрағыңыз қандай?*», «*тұрағы көрсетіледі*», «*тұрақ анықтамасы*», «*тұрағыңызды жазыңыз*», «*тұрағыңыз бойынша*» болады ма? Біздіңше, қисынға да, оқуға да, тыңдауға да түрпідей тиіп тұр. Ал «*мекенжай анықтамасы*», «*мекенжайы бойынша*», «*мекенжайы көрсетіледі*», *мекенжайыңыз қандай?*» деген қолданыстар қазіргі тілде қалыптасып үлгерді, оны енді бүлдірудің қажеті жоқ. Ұсынылған «*тұраққа*» да келісуге болады, оны жоққа шығармаймыз, бірақ қалыптасып, сіңісті болып үлгерген сөзді өзгертіп, әсте-әсте қазақшаланып келе жатқан тілдегі сөздерді өзгерту арқылы онсыз да қазақ тілін қолданудан азар да безер болып отырған жұртты үркітудің қажеті жоқ. «Қазақ тілі сондай, қазақ тілі мұндай» деген сөз келтіретін істің арғы жағын да ойлаған, ұмытпаған орынды. Ал бұл жердегі мағынаның қолданысын «*жай*» сөзімен байланыстырып, шарттылықты ұмытудың немесе ұсынылған «*тұрақты*» автотұрақпен байланыстырады деп ұзынсонар айтысқа салудың қажеті жоқ. Оны тілде керісінше де немесе әртүрлі бағытта да талдауға болады. «*Үй-жай*» – «*жилое помещение*», «*орынжай*» – «*помещение*» деп қолданылып жүр. Сонда «*автожай*» – «*автопомещение*» нұсқасында түсіндіріледі. Бұл үрдіспен талдасақ, «*мекенжай*» – «*помещение обитания*» болып шығады. Демек, сөз жасауға осылай қарау – ешқашан жаңа сөздің жасалмауына алып келеді деген сөз.

Ұсыныста талданған «*басқы*», «*экспертиза*», «*уағда*», «*базар*», «*тәртіп*», «*үнемдеу*», «*жинақтау*» сөздеріне қатысты да осы бағыттағы пікір айтуға, біржақты талданған деп бағалауға болады. Өйткені, «*давление*» сөзінің мағынасы тамыр ішіндегі қанның ағу қысымына, оның адам ағзасына әсеріне байланысты да айтылған. Ағзаны ұстап тұратын «*қан қысымы*» денсаулыққа елеулі түрде әсер ететін көрсеткіш. Ағылшын тіліндегі «*pressure*» нұсқасы да осыған ұқсас «*қысу, қысым көрсеткіші*» мағынасында қолданылады. «*Басқы*» деп алсақ, оның екінші жағы бар, қанның ағуы төмендегенде («*пониженное давление*») керісінше, «*төменгі*», «*төмендеу*» деп аламыз ба?! Әлде оны да «*тартқы*» деп қолданамыз ба?! Сондықтан бұл ұсынысты қолдану бірізділікке қайшы.

«*Анализ*» сөзі қазіргі ресми тілде «*саралау*» болып қолданылып жүрген жоқ, ол «*талдау*» тұлғасында қолданылады. Ал «*экспертиза*» «*саралау*» түрінде

беріле алмайды, өйткені «экспертизаның» өзге тілдегі де мағынасы кең. Ол гуманитарлық салада да, экономикада да, медицинада да, т.б. салаларда қолданылады. Сондықтан «экспертиза» сөзінің мағыналық белгілерді жалғыз «саралау» деген сөз толығымен ашпайды, бұл тұста «сарапқа салу», «сараптап көрсету», «сараптама жасаудың» мағыналық қолданысы «саралауға» қарағанда анағұрлым кең және «экспертиза» сөзіне анағұрлым жақындайды, сәйкес келеді.

«Уағда» шындығына «уәде» сөзінің ескі нұсқасы. «Уәделесу» – «договориться» қолданысынан туындаған, ол рас. Бірақ қазіргі құжат тілі «уәде» сөзін немесе ұсынылған оның көне нұсқасы «уағда» сөзін құжаттың атауы ретінде атай алмайды, ол – етістік, әрекет атауы. Сондықтан оның «шарт» түрінде аталғаны қолайлы, ал «уағда» осы нұсқасында емес, сол шарттардың ішінде «уағдаласу» түріндегі етістік тұлғасында қолданылады. Уағдаласа отырып, тараптар бір-біріне қойылатын шарттарды, құқықтар мен міндеттерді, іс-қимыл бағыттарын шарттастырады. Солай ете отырып, уағдаласады.

«Базар» – қазақ тіліндегі мағынасы ула-шулау, ығы-жығы болу деген мағынадан туындап, жұртшылықтың сауда жасайтын орны деген тар мағынамен қалыптасқан. Оны апарып «нарықтың» орнына қолдану қазіргі «рынок» сөзінің аудармасы бола алмайды.

Ал «тәртіпке» келсек, орыс тіліндегі «порядок» сөзі де, «дисциплина» сөзі де бір жақты мағынасымен шектелмейді. Порядок – реттілік, рет, порядок – тәртіп (порядок слов, порядок передачи информации, порядок строения); Дисциплина – пән (гуманитарные дисциплины – гуманитарлық пәндер, школьные дисциплины – мектеп пәндері), дисциплина – тәртіп (воинская дисциплина – әскери тәртіп, школьная дисциплина – мектеп тәртібі, дисциплина работника – жұмыскердің тәртібі). Бұл екі сөздің бір-бірін алмастыратын, бірінің орнына екіншісі қолданылатын жағдайлары да бар. Сондықтан «порядокты» тек «реттілік» сөзімен, «дисциплинаны» тек «тәртіп» сөзімен шектеу орынсыз. Бір сөздің екінші мағынада қолданылуына тыйым салуға, сол арқылы тілдегі сөздерді қолданудан жаңылысуға болмайды. Мәнмәтін жүйесіндегі, сөйлем ішіндегі, сала ішіндегі мағынасына қарай қолданған орынды.

Ал «экономика» ғылым саласы ретінде кең ауқымда қолданылады. Ол тек үнемдеу дегенді ғана білдірмейді, тұтастай қаржы-қаражат, ақша айналымы, табыс көзі, өндіріс, халықтың тұтыну қажеттілігі, өндірістерді жоспарлау, т.б. толып жатқан ұғымдарды қамти отырып, кең ауқымда сала атауы ретінде қолданылады, тұтастай бір саланы білдіреді. Сондықтан «экономика» мен «үнемдеу» туыс ұғым болса да, бір ұғым болып шықпайды.

«Накопительный» – «жинақтау» түрінде қолданылып та жүр, ал банктерге қатысты «сберегательный» де қазақ тілінде «жинақтау» болып о бастан қолданылады. «Сбережение» тікелей аударма жасасақ, қиын күндерге қаржыны үнемдеп, банкке салып сақтау, тиісінше банк ақшанды «жинап беруші» қызмет

атқарып, сізге қызмет көрсетеді. Сол мәніне қарай ол да «жинақтаушыбанк», «жинақтайтынбанк» түрінде қолданылады. Бұл ретте, оны «үнемдеумен» бір ұғым жасап жаңылысудың қажеті жоқ.

Біздіңше, ұсыныста «программа», «проспект», «инвентаризация», «расторжение», «инструкция», «учреждение», «вознаграждение», «пенсия», т.б. қамтылған сөздердің қазақ тіліндегі аудармалары да осылайша біржақты мағынасын талдаумен шектеліп тұр. Айталық, мақалаға жүгінсек, «төлнұсқа», «төлқұжат» деген сөздерді «өз нұсқа», «өз құжат» немесе «өз құжатымыз» деп біржақты қолдану керек болады, бұл қазіргі ресми қазақ тілінің, кеңсе стилінің талабына жауап бере алмайды, қазақ тілін түкке жарамсыз етіп жайдақ тілге айналдыру болып шығады. Әйтпесе, «төл» сөзінің «өз» деген синонимі бар екенін аудармашы, тілші, сөз жасаушы қауым білмейді емес. Екінші жағынан, өзара омоним құрайтын малдың төлі, жануардың төлі деген мағынаны білдіретін «төл» сөзін «өз» мағынасын білдіретін сөзбен байланысты қараудың қажеттілігі қаншалықты?!

Ұсыныстағы тағы бір сөзге тоқтала кеткен орынды. Ол – «даңғыл» сөзінен бас тартып, «проспект» сөзін қалдыру жөніндегі ұсыныс. «Проспект дегеніміз кең, үлкен әрі түзу көше» деп орынды атап көрсетіледі. Расында, ағылшын тіліндегі «avenue» – «жаңа көше» деген ұғымды білдіреді, ал орыс тіліндегі «проспект» – «түзу, жарық көше» деген мағынада қолданылады. Қазақтар жақсы жолды, кең жолды, түзу жолды «даңғыл жол» деп тура мағынасында да, адам ғұмырына, бір істің барысына, т.б. байланысты ауыспалы мағынада да қолданған. Сондықтан бұл сөздің қолданысын «капиталистік дүниеден келген сөз» деп айрықшалаудың қажеттілігі жоқ деп ойлаймыз. Жылдар бойы сіңісіп үлгерген ұғымды бір-ақ пікірмен тас-талқан студің лебі байқалады.

Сол сияқты «информацияны» – «мәлімет», «контрольды» – «қадағалау» деп алдық делік, сонда «сведения», «данные» деген сөздерге, тиісінше «надзорды» қалай алуды ұсынасыздар? Халықтың санасына сіңіп қалған сөздердің аудармаларының нұсқаларын аударғаннан кім не тұтады? Бірізділіктен, жүйелі қолданыстан алшақтатып, сөз қалыптастырудағы процессті кері дөңгелетуден басқа ұтымды ешнәрсе де шықпайды.

«Стена» сөзінің аудармасына «дуал» сөзі ұсынылыпты. Ол көне сөз, қазіргі тілде дуал аулаңыздың аумағын таспен немесе кірпішпен, не ұрма жасап салсаңыз, оны «дуал» дейді. Көбінесе, Оңтүстік Қазақстанның, кейбір оңтүстік өңірдегі аумақтардың, көрші Өзбекстан Республикасының жұрты дуал соғады деген түсінік бар. Кәдімгі үйдің қабырғасын «дуал» деу жергілікті сөйлеу ерекшелігіне жатады, оны алып келіп ресми кеңсе стиліне пайдалануға сәйкес келмейді.

Сонымен бірге «тұлға» сөзіне берген анықтамаңыз орынды, бірақ «кейіп» деген ұсыныспен келісу қиындау. «Кейіп» – «дерексіз бейне», «сұлба» сөздерінің синонимі. Сонда «жеке тұлға» деп жүргеніміз «адам» болса, оны тым жоқ

қылып, куратып, қаңыратып, төмендетіп осы «кейіп» сөзімен береміз бе? Мысалы, «Жеке кейіп өз пікірін білдірді» дегендей болып келе ме?! Онда масқара болғанымыз. Олай дейтініміз «адам кейпінде жүргені болмаса, адам санатында жоқ қой ол» деген сияқты қолданыстарды естімегенсіздер деп ойламаймын. Сондықтан бұл бағытта «кейіп» сөзі «тұлға» сөзін ауыстыра алмайды. Бұл сөздер заңнама мәтіндерінде физическое лицо – жеке тұлға, юридическое лицо – заңды тұлға түрінде, «лицо» сөзі жеке адамды білдірсе «адам» нұсқасында, заңды тұлғаны, мекемені, ұйымды аңғартса, «тұлға» нұсқасында қолданылып жүр.

Жинақтай келгенде, қалыптасып үлгерген сөздерді талдау арқылы жұртшылықтың құлағына сіңіп, еті үйрене бастаған қазақ сөздерін бұзбауға, ол сөздерді пайдаланушы қауымды жаңылыстармауға шақырамыз. Айтар сын мен пікір уақтылы, өз ретімен, уәжімен болғаны және ұсыныс тіл мәдениетінің талаптарын сақтай отырып айтылғаны орынды. Тілдің уақыт талабына сай стильдік, функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, сөзді сөйлем жүйесіндегі орнына қарай жасауға, қолдануға аса айрықша маңыз берген жөн.



Г. Көбденова

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты*

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДА ЖАЗЫЛҒАН «АТАУЛАР СӨЗДІГІНІҢ» ҚҰРЫЛЫМЫ (1931 ж.)

Кез келген сөздіктің жасалуы кешенді түрде атқарылатын үлкен ғылыми мәселе, ал ұлттық тілдің аударма терминологиялық сөздігін түзу – әр уақытта ұлттық тілдің ғылыми тілдік өміріндегі елеулі оқиға болып табылады. Тарихи тұрғыдан қарастырар болсақ, ол көбінесе тарихи және ұлттық сана-сезімнің өсу кезеңімен, ұлттың қалыптасуымен, әдеби тіл мен оның нормасының тұрақтануымен байланысты келеді екен.

Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясы 5000 дана таралыммен 1931 жылы тұңғыш рет кирилл-латын графикасында жазылған «Атаулар сөздігін» шығарды [1]. Сөздікте филология, физика, заң, психология сияқты түрлі ғылым салаларына қатысты 8000 термин берілген.

Осы сөздік туралы 1934 жылы жазған рецензиясында А.Самойлович «Мен 1932 жылдың аяғында Қазақстанның астанасы Алматыда болғанымда бұл сөздік таптырмайтын (был библиографической редкостью) еді» [2] – дейді.

«Атаулар сөздігі» Алаш зиялыларының ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыруда ұстанған қағидаттарына сәйкес жасалған соңғы басылымдардың бірі болғандықтан оны қайта бастырып шығарып, мамандардың, зиялы қауымның назарына ұсынуды ф.ғ.д., проф. Ш.Құрманбайұлы мен О.Жұбаева қолға алып, қазіргі кирилл жазуымен 2004 жылы кітап етіп 2-басылымы ретінде қайта бастырып шығарды [3].

Терминтанушы Ш.Құрманбайұлының көрсетуінше: «Қазақ терминографиясының тарихында өзіндік орны бар «Атаулар сөздігі» өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы термин шығармашылығы мен терминологиялық сөздік түзу ісінің кезеңдік келбетін, терминология комиссиясы жұмысы мен алаш зиялыларының ұлттық терминқор қалыптастыруда ұстанған ұстанымдарын көрсететін нақты тілдік-тарихи дерек.» [3].

XX ғ.басындағы әрі аударма, әрі терминологиялық сөздіктің қажеттілігі туралы «Атаулар сөздігінің» «Бір-екі сөз» деген кіріспесінде былай келтіреді: «әг-біг ҫеке ҫазувсылар гз қолна устар отыратын, ҫаға өмirdiң тилин издеди, рән атавларна тус-тустан surav көбејди, оньә муқтаҫдығь kyn sajьн asa berdi. зьмьраған усқыр өмир kynbe-kynғи kerekke ҫumsavға dajьн турған тил qaruvьн kerek қылдь. ој еңбеғиндеги еңқьжьн истиң biri sözdik тизув».

Қазақ тілі біліміндегі алғашқы терминологиялық сөздіктердің бірі ретінде латын графикасында жазылған «Атаулар сөздігінде» ұлттық тілдің метатілі және

әлем туралы Алаш білімпаздарының білімдері жүйеленіп берілген. Бұл білімдер аясы сөздіктің түріне, сөзтізбенің көлеміне, лексикографиялық материалдарды беру тәсілдеріне, сөздік мақаланың құрылымына байланысты жүйелі түрде келтірілген.

Дыбысталуы бойынша жазылған:

Кирилл жазуымен берілген орыс сөздері	Латын жазуымен берілген қазақ сөздері (1931 ж.)	Бүгінгі кирилл жазуындағы қазақ сөздері
Автомобиль	Aptomabel	Аптамабел
Автономия	Aptomomije (qurrijat-sajasij erkindik)	Аптономийе (құрыят-сайасий еркіндік)
Аллюминий	Әlymen (metal zaty)	Әлүмен (метал заты)
Бенефис	Benepis	Бенепис
Бухгалтер	Buğaltır	Бұғалтыр
Газ	Ġaz	Ғаз
Жонглер	Çeңgiler	Жөңгілер
Журналист	Çornalсь (әdebijetci)	Жорналшы (әдебийетші)
Закон	Zaң, zәkөn	Заң, зәкөн
Индустрия	Yndistire (өnerli kesip)	Үндістіре (өнерлі кесіп)
Партия	Partьja	Партыйа
Пародия	Paradije (elik)	Парадйе (елік)

Синонимдік қатармен берілгендер:

Кирилл жазуымен берілген орыс сөздері	Латын жазуымен берілген қазақ сөздері (1931 ж.)	кирилл жазуындағы қазақ сөздері
Базис	Tыр tirev, tirek (uьtqь, bazьs)	Түп тіреу, тірек (ұйытқы, базыс)
Вдова	Tul, çesir	Тұл, жесір
Владелец	Bijlevci, ije	Бійлеуші, ійе
Внимание	Eltijрәt, nazar	Елтіпат, назар
Гарантия	Senim, vәde, kepil	Сенім, уәде, кепіл
Дворец	Saraj, orda	Сарай, орда
Дерматолог	Teri avruv mamань (teri dәrigeri)	Тері ауру маманы (тері дәрігері)
Должность	Qьzmet, oғьп	Қызмет, орын
Жилище	Baspana. yj	Баспана, үй

Жақша («қоршаудың») ішінде қазақша түсіндірмесімен берілді:



Кирилл жазуымен берілген орыс сөздері	Латын жазуымен берілген қазақ сөздері (1931 ж.)	кирилл жазуындағы қазақ сөздері
Диктофон	Dəktəfon (söz çazatyn aparat)	Дəктафон (сөз жазатын апарат)
Ультиматум	Ultimətim(kesken sert)	Ултима́тім (кескен серт)

«Атаулар сөздігіндегі» аудармалар бүгінгі уақытта да өз мәнін жоймай сол қалпында қолданылып келеді:

Кирилл жазуымен берілген орыс сөздері	Латын жазуымен берілген қазақ сөздері (1931 ж.)	кирилл жазуындағы қазақ сөздері
Заработок	Tabьs	Табыс
Заработная плата	Çalaqь	жалақы
Заседание	Məçilis	Мәжіліс
Индивидуальное кредитование	Çeke nesije beryv	Жеке несіе беруу
Индивидуальное хозяйство	Çeke caruva	Жеке шаруа
Интеллигенция	Zьjalьlar	Зыйалылар
Исследование	Izerttev	Ізерттеу
Копия	Kөcirme	Көшірме
Кредит	Nesije	Несіе
Культ	Tabьnuy	Табынұу
Культура	Mədenijet	Мәденіет
Лектор	Dərisci (lektir)	Дəрісші (лектір)
Лекция	Dəris	Дəріс
Наемный труд	Çaldama еңбек	Жалдама еңбек
Налог	Salьq	Салық
Научно-исследовательский институт	Ғылымды zerttev ynisteti	Ғылымды зерттеу үністеті
Гражданин	Azamat	Азамат
Выставка	Kөрme	Көрме
Герб	Taңba	Таңба
Отдел	Bөlim	Бөлім
Печатный лист	Baspa tabaq	Баспа табақ
Пианино	Kуj sandьq (pijəniјno)	Күй сандық (пійəнійно)
Пиктография	Syvret çazuv	Сүүрет жазуу

Помада	Dalap	Далап
Представитель (уполномоченный)	Өkil	Өкіл
Президент	Pirzident (topbasъ)	Пірзйдент (топбасы)
Экватор	Beldev	Белдеу

Бұрыннан бар сөздердің мағыналарын жаңғырту арқылы жаңа сөзге балама табу:

Кирилл жазуымен берілген орыс сөздері	Латын жазуымен берілген қазақ сөздері (1931 ж.)	кирилл жазуындағы қазақ сөздері
Термин	Pән sөzi (atav)	Пән сөзі (атау)
Заседатель	Qосъ bij	Қосшы бій
Контрабанда	Bуqра savda (urlap өtkizyv)	Бұқпа сауда (ұрлап өткізуу)
Контрабандист	Bуqра sөvdeger	Бұқпа сәудегер
Космополитизм	Әlemdi syjyvciлик	Әлемді сүйуушілік
Курорт	Davalъ çer (kyrert)	Дауалы жер (күрерт)
Лейкемия	Aq qandyльq	Ақ қандылық
Объявление	Çarnama	Жарнама
Демократия	Bуqара (demәkirәtije)	Бұқара (демәкірәтiйе)
Букет	Desteli gyl	Дестелі гүл
Гимн	Quvanъs kyji	Қуаныш күйі
Парашют	Qalyтqъ	Қалытқы
Партизанская война	Alaman соғъsъ	Аламан соғысы
Патриарх	Aqsaqal	Ақсақал
Показатели конъюнктуры	Naғъq көrsetkic	Нарық көрсеткіш
Поле сознания (психол.)	Oj көlemi (sana өrisi)	Ой көлемі (сана өрісі)
Председатель	Aға	Аға
Рецензия	Qысqa сын	Қысқа сын
Феодализм	Bek дәviri	Бек дәуірі

ТЕРМИНОГРАФИЯ МАСЕЛЕЛЕРІ

Бір сөзден туындаған сөздерге әр түбірдегі сөздердің берілуі:

Кирилл жазуымен берілген орыс сөздері	Латын жазуымен берілген қазақ сөздері (1931 ж.)	кирилл жазуындағы қазақ сөздері
Алкоголь	Esirtkic	Есірткіш
Алкоголик	Araqqor	Араққор
Идеал	Arman	Арман



Идеализм	Muratсылық	Мұратшылық
----------	------------	------------

Сөз тудырушы жұрнақтардың берілуі:

Кирилл жазуымен берілген орыс сөздері	Латын жазуымен берілген қазақ сөздері (1931 ж.)	кирилл жазуындағы қазақ сөздері
Алкоголик	Araqqor	Араққор
Дарвинизм	Darwin çolь	Дәрбін жолы
Демократизм	Buqaracьldьq	Бұқарашылдық
Идеализм	Muratcьlьq	Мұратшылық
Идеалист	Muratcьl	Мұратшыл
Историзм	Tarьjьdcьlьq	Тарыйқшылық

Лингвистика, филология ғылымдарының атау сөздері (терминдері):

Кирилл жазуымен берілген орыс сөздері	Латын жазуымен берілген қазақ сөздері (1931 ж.)	кирилл жазуындағы қазақ сөздері
Диалектология	Dijalektalogije (til өзgerisin zerttejtin ғылым)	Дійәлекталогіе (тіл өзгерісін зерттейтін ғылым)
Значение	Mән, mәнis, maғьna	Мән, мәнiс, мағына
Иносказание	ьcara sөz	Ышара сөз
Лексика	Sөz keni	Сөз кені
Лексикография	Sөz kenin әliptev	Сөз кенін әліптеу
Лексикология	Sөz kenin тексеруv ғылым	Сөз кенін тексеруу ғылым
Лексикон (словарь)	Sөzdik	Сөздік
Лингвистика	Til ғыльmь	Тіл ғылымы
Литературный язык	Әdebijet til	Әдебійет тіл
Логическая речь	Aқьl sөzi	Ақыл сөзі
Локальный (местный)	Çergilikti, oғьndaғь	Жергілікті, орындағы
Наречие	Ystev	Үстеу
Неологизм	Çaңa sөzcildik	Жаңа сөзшiлдiк
Отглагольное имя	Esimce	Есімше
Падеж (грам.)	Çalғav	Жалғау
Пассив	Pәssip	Пәссiп
Периодическая речь	Ьrғaқ sөz	Ырғақ сөз
Перифраз	Byкpelev	Бүкпелеу
Плеоназм(литер.)	Qos-qabattav (cьbatpa)	Қос-қабаттау (шыбатпа)
Подлежащее	Bastavьc	Бастауыш
Подчинение (грамм.)	Baғьnuv, baғьnbalь	Бағынұу, бағынбалы

Полемика	Ajтыs, talas	Айтыс, талас
----------	--------------	--------------

Сөздіктің кіріспе сөзінде «Бұл құрастырылған пән сөздерінде талай кемшіліктер бар. Үйткені әр ғылымның тарауынан өзіне жүйрік кісілер шықпай, пән сөзі түзелмек емес» атап көрсеткеніндей балама табудағы ауытқушылықтар мен сәйкессіздіктердің орын алуы да табиғи нәрсе:

Кирилл жазуымен берілген орыс сөздері	Латын жазуымен берілген қазақ сөздері (1931 ж.)	кирилл жазуындағы қазақ сөздері
Кофе	Көрі (caj)	Көпі (шай)
Крокодил	Ajdahar	Айдаһар
Область (науки)	Çyz	Жүз
Обаяние	Alapat	Алапат
Охота	Añ	Аң
Персик	Temir tiken	Темір тікен
Овоци	Çасыл	Жасыл
Тезис	Turlav	Тұрлау
Юмор	Quvльq	Қулық

ТЕРМИНОГРАФИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сөз үнемі үздіксіз өзгерісте болатындықтан, оның бүгінгі сөйлеушілердің қабылдауындағы мағынасы өткен 85 жыл бұрын берілген мағынасымен сәйкес келмеуі заңды құбылыс.

2004 жылы шыққан басылымның кіріспе сөзінде Алаш терминқорын зерттеуші Ш.Құрманбайұлы «Атаулар сөздігі» туралы жазылған мақалар мен рецензияларда айтылған сын ескертпелер, ұсыныстарды жан-жақты талдап, сол кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдайдың сөздікке тигізген әсерін түсіндіре келе былай дейді: «Сол жылдары осы сөздікке тікелей және жанама қатысты бар жарияланған материалдарды қарап отырсақ, көпшілігінде сөздік түзушілердің ұстанған қағидаттарына байланысты мақсатты түрде сын айту, мәселеге саяси, әлеуметтік-таптық тұрғыдан баса мән берілгендігі байқалады. Сөздіктің жақсы жақтары, жетістіктері ауызға алына бермейді. Сөздік туралы пікір білдіргендердің оның сапасы, келесі басылымы жақсарсын деген ниеттен гөрі оны түзуші авторлардың ұстанып отырған бағытының бұрыстығын, ендігі жерде қазақ терминологиясын бұл бағытта дамытуға болмайтынын дәлелдеуге бейілді екендігі айқын аңғарылады. Сондықтан да сөздіктің жақсы жақтары туралы айтылмай, кемшіліктер ғана теріліп, біржақты сынға жол беріледі. Терминологиялық комиссия жұмысының жетістіктері жөнінде де сөз болмайды. Керісінше, олар комиссияның солақай саясат ұстанған алашшыл, ұлтшыл, пуристерден құралғандығын, социалистік қоғамға зиянды жолға бастап



отырғандығын дәлелдеу арқылы, ендігі жерде жарқын болашаққа апаратын бағытты таңдай отырып, терминологиялық жұмыстардың жаңа арнаға бұрылуы керектігін айрықша атап өтеді», – дей келе: «Шын мәнінде сол жылдары мұндай терминдер сөздігінің басылып шығуының өзі елеулі оқиға еді» [3] – деп жоғары бағалайды.

Қорыта айтқанда, «Атаулар сөздігі» ұжымдық сананы көрсететін ғылыми еңбек ретінде ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамның мәдени, ғылыми, тілдік өмірінде айрықша орын алды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Atavlar sözdigi. Kъzylorda: Qazağъstan baspasъ, 1931.
2. Самойлович А. Терминологический словарь//Библиография Востока. Вып.2-4 (1933). –Ленинград: Изд-во АН СССР, 1934. –С. 93-95.
3. Атаулар сөздігі. Латын графикасынан кириллицаға көшіріп, сөздікті баспаға дайындағандар: Шерубай Құрманбайұлы, Орынай Жұбаева. Алматы: Сөздік-словарь, 2004. 2-басылымы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы отырысының материалдары

Республикалық терминология комиссиясының 2016 жылғы 28 маусымдағы отырысында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі, комиссия төрағасы А. Мұхамедіұлы жүргізіп, комиссия мүшелерінің талқылауына сала терминдерін, сөз тіркестері мен жеке сөздерді ұсынды.

Республикалық терминология комиссиясының талқысына сыртқы саясат, электроника, радиотехника және байланыс, информатика және есептеуіш техника, физика және астрономия саласының терминдері жалпы саны 1600 термин ұсынылды, сондай –ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі тарапынан ұсынылған терминдер де қаралды.

Отырыс барысында терминдерді бекіту дауыс беру арқылы жүзеге асырылды. Бірқатар терминдер қайта қарау үшін қалдырылды. Сондай-ақ дауыс беру парақтарына терминдердің қысқаша анықтамасын жазу ұсынылды. Комиссия мүшелері талқылау нәтижесінде мына қорытындыға келді:

- бекітілген жаңа терминдер тізбесі бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын, орталық және жергілікті атқарушы органдарға жіберілсін.

-комиссия хаттамасының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетіне жүктелсін.





Termincom.kz сайты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы терминология комиссиясы бекіткен және бекітуге ұсынылатын ғылым, білім, техника мен экономика, қоғамдық-әлеуметтік бағыттардағы салааралық терминологиялық қорды біріздендіру және жетілдіру мақсатында Termincom.kz сайты өз жұмысын бастады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ғаламтор желісіне енген Termincom.kz – ғылым, білім, техника мен экономика, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі термин сөздердің бірыңғай республикалық терминологиялық электрондық базасы.

Ғаламтор әлеміне жол тартқан сайттың басты мақсаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия бекіткен терминдерді бірізді пайдалану үшін электрондық базаға үздіксіз енгізу және ұлттық терминологиялық қорды сапалы жасалған терминдермен жетілдіру. Сондай-ақ сайт жұмысы арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссияға бекітуге ұсынылатын терминдерді ашық талқылау және оларға дауыс беру арқылы қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыруға болады.

Сайт қазақ терминологиясын жүйелеудің жана талаптарын жүзеге асыруды көздейді, терминологиялық лексиканы біріздендеру, терминологиялық қорды толықтыру, терминдерді және атауларды қазақ тілінің нормаларына сәйкес реттеу, терминологиялық атауларды қолдану тиімділігін арттыру мақсатында бұқара қауымға арналған ақпараттық құрал.

Сайтқа кірушілер бекітілген терминдер мен қолданыстағы терминдермен танысып, оны қызметіне қатысты қолдана алады, ұтымды енгізілген терминдерді саралап, жана терминдерді сараптауға мүмкіндік туады. Салалық терминдерді қалыптастыру мен стандарттау, терминдерді аудару, термин түзудегі ұстанымдар туралы ғылыми және ғылыми-көпшілік, анықтамалық әдебиеттер мен терминология саласында жарық көрген еңбектермен, сөздіктермен таныса алады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ
2015 ЖЫЛҒЫ 6 ҚАЗАНДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА
БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР**

Механика және машинатану салаларының терминдері

р/с	орыс тілінде	қазақ тілінде
1.	автоколебание	автотербеліс
2.	автоколебание фрикционное	үйкелісті автотербеліс
3.	автомат вероятностный	ықтималдық автомат
4.	автомодельность	автомодельділік
5.	адсорбция	адсорбция
6.	аксоид	аксоид
7.	аксиомы движения	қозғалыс аксиомалары
8.	аксоид неподвижный винтовой	бұрандалық жылжымайтын аксоид
9.	активатор	белсендіргіш
10.	амортизатор	амортизатор
11.	анизатропия	анизатропия
12.	анкер	анкер
13.	антивибратор	антидірілдеткіш
14.	база установочная	орнату негізі
15.	баланс двигателя тепловой	қозғалтқыштың жылу теңгерімі
16.	балансировка высокоскоростная	жоғары жылдамдықты теңгеру
17.	бампер	бампер
18.	барабан тормозной	тежеуіш атанақ
19.	батарея аккумуляторная	аккумуляторлық батарея
20.	башмак тормозной	тежегіш табандық
21.	бездефектность	ақаусыздық
22.	биение валов	біліктердің соғуы
23.	блокиратор	бұғаттағыш
24.	болванка	кеспелтек
25.	брус вибрационный	дірілді білеу
26.	брусчатка	кеспекше
27.	буксир	сүйреткіш
28.	бункер	бункер
29.	бур	бұрғы

БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР



30.	буравчик	кол бұрғы
31.	весы автомобильные	автомобиль таразысы
32.	весы технические	техникалық таразы
33.	ветродвигатель	желқозғалтқыш
34.	ветроколесо	желдоңғалақ
35.	вибровозбудитель, колебаний	тербелістер діріл қоздырғышы
36.	вибромеханизм	діріл механизмі
37.	винт	бұранда
38.	винт зажимный	қыспа бұранда
39.	винт исправительный	түзеткіш бұранда
40.	винт нажимной	басушы бұранда
41.	винт регулировочный	реттегіш бұранда
42.	винт самонарезающий	өзі оятын бұранда
43.	винт соосный	өстес бұранда
44.	винт стяжной	тұтастырғыш бұранда
45.	винт толкающий	итерме бұранда
46.	винт тянущий	тартпа бұранда
47.	винт упорный	тірек бұранда
48.	винт установочный	қондырма бұранда
49.	винт ходовой	жүрістік бұранда
50.	влажномер	ылғалөлшеуіш
51.	лагодпроводность	ылғалөткізгіштік
52.	лагодномер емкостный	көлемдік ылғал өлшегіш
53.	время остонова	тоқталыс уақыты
54.	время отставания	қалыс уақыты
55.	выбег	қозғалыстан шығу
56.	выбег машины	мәшиненің қозғалыстан шығуы
57.	вылавка	балқыма
58.	выстой	кідіріс
59.	вязкость газа	газ тұтқырлығы
60.	вязкость жидкости	сұйықтықтың тұтқырлығы
61.	гайка	сомын
62.	гаситель колебаний	тербелістерді өшіргіш
63.	генератор	генератор
64.	генератор электромашинный	электрмәшинелік генератор
65.	генерация	генерация

66.	геомеханика	геомеханика
67.	гибкость	иілгіштік
68.	гидравлика	гидравлика
69.	гидрогенератор	гидрогенератор
70.	гидродвигатель	гидроқозғалтқыш
71.	гидроклапан давления	қысым гидротығыны
72.	гидромеханика	гидромеханика
73.	гидропривод аккумуляторный	аккумуляторлық гидрожетек
74.	гидроцилиндр без торможения	тежеусіз гидроцилиндр
75.	гидроэнергетика	су энергетикасы
76.	горючее	жанармай
77.	градиент давления	қысым градиенті
78.	датчик давления	қысым бергіш
79.	двигатель	қозғалтқыш
80.	двигатель автомобильный	автомобиль қозғалтқышы
81.	двигатель бензиновый	бензин қозғалтқышы
82.	двигатель винтовой	бұрандалы қозғалтқыш
83.	двигатель газогенераторный	газгенераторлы қозғалтқыш
84.	двигатель тормозной	тежеуіш қозғалтқыш
85.	движение винтовое	бұрандалы қозғалыс
86.	движение жидкости	сұйықтықтың қозғалысы
87.	движение механическое	механикалық қозғалыс
88.	двигатель	қозғағыш
89.	действие механическое	механикалық әрекет
90.	декремент затухания	өшу декременті
91.	демонтаж	бөліктеу
92.	деталь	бөлшек
93.	динамика машин	мәшинелер динамикасы
94.	динамо-машина	динамо-машина
95.	дробилка	уатқыш
96.	дробилка валковая	білікті уатқыш
97.	дробилка конусная	конусты уатқыш
98.	дробилка молотковая	балғалы уатқыш
99.	дробление	уату
100.	дробь	бөлшек
101.	дуга	доға



102.	дуга защитная	қорғаныш доға
103.	дуга окружности	шеңбер доғасы
104.	дуга электрическая	электр доғасы
105.	единица коррекции	түзету бірлігі
106.	единица механическая	механикалық бірлік
107.	единица нормирования	нормалау бірлігі
108.	единица объема	көлем бірлігі
109.	единица сборочная	құрастыру бірлігі
110.	емкость	сыйымдылық
111.	жаростойкость	ыстыққа төзімділік
112.	жароупорность	қызуға төзгіштік
113.	железобетон	темірбетон
114.	жидкость гидравлическая	гидравликалық сұйықтық
115.	жидкость идеальная	идеалды сұйықтық
116.	жидкость несжимаемая	сығылмайтын сұйықтық
117.	жидкость нормальная	қалыпты сұйықтық
118.	жидкость однородная	біртекті сұйықтық
119.	жидкость переохлажденная	аса суытылған сұйықтық
120.	жидкость реологическая	реологиялық сұйықтық
121.	жидкость реопектическая	реопектикалық сұйықтық
122.	жидкость тиксотропная	тиксотроптық сұйықтық
123.	жидкость тормозная	тежеуіш сұйықтығы
124.	жидкость электропроводная	электрөткізгіш сұйықтық
125.	жидкотекучесть	сұйықтай аққыштық
126.	задача техническая	техникалық есеп
127.	зажим винтовой	бұрандалы қысқыш
128.	заклепка	тойтарма
129.	заклинивание	сыналану
130.	закон движения	қозғалыс заңы
131.	закон сохранения количества движения	қозғалыс мөлшерінің сақталу заңы
132.	закон трения скольжения	сырғанау үйкелісінің заңы
133.	запас прочности	беріктік қоры
134.	затвор	бекітпе
135.	затвор водяной	су бекітпе
136.	затвор гидравлический	гидравликалық бекітпе

137.	затвор предохранительный	сақтандыру бекітпесі
138.	затухание	өшу
139.	затухание колебания	тербелістің өшуі
140.	зацепление	ілініс
141.	защита двигателя	қозғалтқыш қорғанышы
142.	звено механизма	механизм буыны
143.	звукоизоляция	дыбыс оқшаулау
144.	зона аэрации	ауалау аумағы
145.	зона концентрации	шоғырлану аумағы
146.	зона резонансная	резонанстық аумақ
147.	измерение давления	қысымды өлшеу
148.	идентификация	сәйкестендіру; идентификаттау
149.	испытание механическое	механикалық сынау
150.	клапан	қысымтығын
151.	колебание механическое	механикалық тербеліс
152.	колесо	доңғалақ
153.	колесо маховое	сермер доңғалақ
154.	колеса шевронные	шеvronды доңғалақтар
155.	конденсатор	конденсатор
156.	коробка скоростей	жылдамдықтар қорабы
157.	круг кривошипа	қосиін дөңгелегі
158.	кувалда	зілбалға
159.	лебедка грузоподъемная	жүккөтергіш шығыр
160.	лента тормозная	тежегіш таспа
161.	лента транспортерная	тасымалдауыш таспа
162.	линия автоматизированная	автоматтандырылған желі
163.	линия винтовая	бұранда сызығы
164.	линия электропередачи	электртербеліс желісі
165.	лопата механическая	механикалық күрек
166.	манипулятор	манипулятор
167.	механизм дифференциальный винтовой	дифференциалдық бұрандалы механизм
168.	механизм дифференциальный зубчатый	дифференциалдық тісті механизм
169.	механизм кривошипный	қосиін механизмі
170.	механизм зажимный	қысқыш механизм



171.	механизм управления	басқару механизмі
172.	механика прикладная	қолданбалы механика
173.	мощность тяговая	тартым қуаты
174.	нагрев	қыздыру
175.	нагрузка эквивалентная	балама жүктеме
176.	надежность машин	мәшинелердің сенімділігі
177.	напряжение механическое	механикалық кернеу
178.	насос-форсунка	форсунка сорап
179.	насос вакуумный	вакуумдық сорап
180.	насос винтовой	бұрандалы сорап
181.	насос динамический	динамикалық сорап
182.	нелинейность систем механических	механикалық жүйелердің бейсызықтығы
183.	нормаль зубчатого колеса	тісті доңғалақтың нормалы
184.	обдувка	үрлеп айдау
185.	оборудование погрузчика выдвигное	жүктегіштің жылжымалы жабдығы
186.	обработка механическая	механикалық өңдеу
187.	ограничение кинематическое	кинематикалық шектеу
188.	однородность модели	үлгінің біртектілігі
189.	опора неподвижная	жылжымайтын тірек
190.	опора подшипниковая	мойынтіректі тірек
191.	орган прицепный	тіркемелі орган
192.	осмотр	байқау
193.	основы динамики	динамика негіздері
194.	охрупчивание	морттану
195.	падение давления	қысымның төмендеуі
196.	падение напряжения	кернеудің төмендеуі
197.	падение свободное	еркін түсу
198.	параметры торможения	тежеу параметрлері
199.	передача винтовая	бұрандалы беріліс
200.	передача гидравлическая	гидравликалық беріліс
201.	передача механическая	механикалық беріліс
202.	передача цилиндрическая	цилиндрлік беріліс
203.	перемещение винтовое	бұрандалық орын ауыстыру
204.	плоскость годографа скорости	жылдамдық годографының жазықтығы

205.	площадка монтажная	құрастыру алаңшасы
206.	поверхность винтовая	бұрандалық бет
207.	повреждение механическое	механикалық зақым
208.	подшипник	мойынтірек
209.	подъемник	көтергіш
210.	позиция техническая	техникалық тұрғы
211.	поле угловых скоростей	бұрыштық жылдамдықтар өрісі
212.	положение равновесия	тепе-теңдік жағдай
213.	порядок механизма	механизм реті
214.	предел хрупкости	морттық шегі
215.	привод машины	мәшине жетегі
216.	привод механический	механикалық жетек
217.	прокат	жаймалау
218.	прокладка	төсемше
219.	прочность сцепления	ілінісу беріктігі
220.	работа механизма	механизм жұмысы
221.	работа механическая	механикалық жұмыс
222.	работоспособность машины	мәшиненің жұмысқа жарамдылығы
223.	роботоспособность механизма	механизмнің жұмысқа жарамдылығы
224.	равновесие механическое	механикалық тепе-теңдік
225.	разрыв скорости	жылдамдық үзілімі
226.	расчет механизмов	механизмдерді есептеу
227.	режим автоколебаний	автотербелістер режимі
228.	резонанс механический	механикалық резонанс
229.	ремень приводной	жетек белдігі
230.	ремень тяговая	тартым белдігі
231.	самоторможение	өздігінен тежелу
232.	сила механическая	механикалық күш
233.	система координат цилиндрическая	цилиндрлік координаттар жүйесі
234.	соединение	қосылыс
235.	соединение болтовое	бұранды қосылыс
236.	структура машин	мәшинелердің құрылымы
237.	сцепление	ілініс
238.	телемеханика	телемеханика
239.	температура кипения	қайнау температурасы
240.	теория машин	мәшинелер теориясы



241.	топливо жидкое	сұйық отын
242.	топливо ракетное	зымыран отыны
243.	торможение механическое	механикалық тежелу
244.	тормоз машины	мәшиненің тежеуіші
245.	трос	сым арқан
246.	трубка	түтікше
247.	тяжесть	ауырлық
248.	удар гидравлический	гидравликалық соққы
249.	удлинение абсолютное	абсолют ұзарым
250.	ускорение абсолютное	абсолют үдеу
251.	ускорение движения	қозғалыс үдеуі
252.	условия движения	қозғалыс шарттары
253.	устойчивость движения	қозғалыстың орнықтылығы
254.	устройство	құрылғы
255.	фильтр	сүзгі
256.	функция целевая	мақсаттық функция
257.	функция частотная	жиілік функциясы
258.	фюзеляж	фюзеляж
259.	характеристика двигателя	қозғалтқыштың сипаттамасы
260.	характеристика механическая	механикалық сипаттама
261.	ход рабочий	жұмыс жүрісі
262.	циркуляция скорости	жылдамдықтың циркуляциясы
263.	частота вынужденных колебаний	мәжбүрлі тербелістер жиілігі
264.	частота резонансная	резонанстық жиілік
265.	число степеней подвижности	қозғалмалылық дәрежелерінің саны
266.	шайба стопорная	тоқтатқыш тығырық
267.	шарикоподшипник	шарикті мойынтірек
268.	шкиф грузоподъемный	жүккөтергіш тегер
269.	шов сварной	пісірінді жік
270.	шпилька	ақа
271.	шум машин	мәшинелердің шуылы
272.	шум тепловой	жылулық шуыл
273.	щель кольцевая	сақиналық саңылау
274.	щель статическая	статикалық саңылау
275.	щит управления	басқару қалқаны
276.	эквивалент теплоты, механический	механикалық жылу баламасы

277.	электромеханика	электрмеханика
278.	электромобиль	электромобиль
279.	электросварка	электрпісіру
280.	энергия механическая	механикалық энергия
281.	эхо	жаңғырық
282.	явления переноса	тасымалдау құбылыстары

Шетел тілдерінен енген терминдер

р/с	орыс тілінде	қазақ тілінде
1.	аккредитация	аккредиттеу
2.	апробация	апробация
3.	аффект	аффект
4.	дислокация	орналастыру, орналасу
5.	диспозиция	диспозиция
6.	индикатор	индикатор
7.	квота	квота
8.	ликвидность	өтімділік
9.	патруль	патруль
10.	провайдер	провайдер
11.	регламент	регламент
12.	репродукция	репродукция
13.	тест	тест
14.	ценз	ценз
15.	сессия	сессия
16.	церемония	рәсім
17.	цикл	цикл
18.	эксгумация	эксгумация
19.	юрисдикция	юрисдикция; заңдық құзыры

БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ
2015 ЖЫЛҒЫ 11 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА
БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ ТАРАПЫНАН ҰСЫНЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР		
Инновация, индустрия саласы бойынша		
1.	уязвимость	осалдылық



2.	реагирование	ден кою
3.	бизнес-инкубирование	бизнес-инкубациялау
4.	бортовка	өңір қатырмасы
5.	вал товарный	тауарлық білік
6.	валик подающий	жеткізуші білікше
7.	вмятина	жаншылма
8.	изделие чулочное	шұлық бұйымы
9.	подрез	тілікше
10.	установка по откатке шлаковых котлов	қож қазандықтарын тасымалдау қондырғысы
11.	ширина борта	өңір ені
12.	выработка	қазынды, қазба
13.	выемочные единицы	қазба бірліктері
14.	технологически неизбежное сжигание газа	газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу
15.	файл абсолютной загрузки	абсолют жүктеу файлы
16.	программа автозагрузки	автожүктеу бағдарламасы
17.	классификатор информационных технологий	ақпараттық технологиялар сыныптауышы
18.	программист-аналитик	талдамашы-бағдарламашы
19.	фоновая программа	аялық программа
20.	прозрачная обработка	ашық өңдеу
21.	оператор умолчания	келісім операторы
22.	портативный компьютер	тасымалды компьютер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ТАРАПЫНАН ҰСЫНЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР		
Төтенше жағдайлар саласы бойынша		
23.	автоматическая подстройка	автоматты түрде ыңғайластыру
24.	доза вещества, действующего на организм	ағзаға ықпал ететін заттың дозасы
25.	трение в потоке	ағыстағы үйкеліс
26.	перекачка	айдау
27.	аномалия циркуляции	айналым ауытқушылығы
28.	спеупаковка	арнайы орауыш
29.	бассейн напорный	арынды бассейн

30.	оперативный план ликвидации фон-тана	атқылауды жоюдың жедел жоспары
31.	герметические двери	герметик есіктер
32.	уплотнение воздухонепроницаемое	ауасыз тығыздалу
33.	разводящий	ауыстырушы
34.	колебание	ауытқу; тербелу
35.	разведывательный летательный аппарат	барлау ұшу аппараты
36.	бетонирование раздельное	бөліп құймағастау
37.	удушье	түншығу
38.	лестница винтовая	айналма саты
39.	газонасыщенность	газқаныққандық
40.	противогаз	газтұмша
41.	герметичный	герметик
42.	задвижка гидранта	гидранттың ысырмасы
43.	гильза	гильза, оққауыз
44.	бетонирование вибрационное	вибрациялы құймағастау
45.	дозиметр	дозиметр
46.	смачиватель	дымқылдағыш
47.	влагоемкость наименьшая	ең кіші ылғалсыйымдылық
48.	бассейн трещинных вод	жарықшақты су алабы
49.	индивидуальный перевязочный пакет	жаратаңғыш жеке пакеті
50.	аппарат дыхательный индивидуальный	тыныс алдыру жеке аппараты
51.	наращивание рукавной линии	жеңқұбыр желісін ұзарту
52.	автомобиль рукавный	жеңқұбырлы автомобиль
53.	возбуждение землетрясения	жер сілкінісі дүмпуі
54.	дистанции пути	жол арақашықтығы
55.	походное положение	жорық жағдайы
56.	ликвидатор	жойғыш
57.	инфекция	инфекция
58.	водозабор передвижной	жылжымалы сужинағыш
59.	поражающий фактор	зақымдаушы фактор
60.	дезодорация	дезорация
61.	поисковая собака	ізкескіш ит
62.	монтаж и наладка импортных лифтов	импорттық лифттерді монтаждау және жөндеу
63.	обледенение судов	кемелердің мұз басуы, кемелерді мұз басу



64.	горелка керосиновая	керосин жанарғысы
МЕХАНИКА ЖӘНЕ МАШИНАТАНУ САЛАЛАРЫНЫҢ ТЕРМИНДЕРІ		
65.	болт анкерный	анкер бұран
66.	болт крепежный	бекіткіш бұран
67.	котлы нагревания	жылыту қазандары
68.	ось колебаний	тербелістер осі
69.	ось цилиндра	цилиндр осі
70.	принцип механики	механика принципі, қағидаты
71.	реверсор	реверсор
72.	рычаг тормоза	тежеуіш иінтірегі
73.	рычаг управления	басқару иінтірегі
74.	система механическая, нелинейная	бейсызықты механикалық жүйе
75.	угол зацепления	ілініс бұрышы
76.	уравнение движения	қозалыс теңдеуі
77.	ход линии, винтовой	бұранда сызығының жүрісі
78.	хрупкость материала	материалдың морттылығы
79.	цикл термодинамический	термодинамикалық цикл
80.	цистерна	цистерна
81.	шатун	бұлғақ
82.	шланг	шлангы
83.	шпонка	кілтек
84.	штифт	штифт
85.	эрозия	эрозия
86.	эффект термомеханический	термомеханикалық әсер
87.	явление термоэлектрическое	термоэлектрлік құбылыс
МАТЕМАТИКА САЛАСЫ ТЕРМИНДЕРІ		
88.	абсолютная величина	абсолют шама
89.	абсолютная величина вектора	вектордың абсолют шамасы
90.	аддитивность площади	аудан аддитивтілігі
91.	аксиома объемности	көлемділік аксиома
92.	алгебра простая	жай алгебра
93.	алгебра универсальная	универсал алгебра
94.	алгебра элементарная	элементар алгебра
95.	анализ	талдау, саралау, анализ

96.	анализ векторный	векторлы талдау
97.	анализ дискретный	дискрет анализ, дискретті талдау
98.	анализ дисперсионный	дисперсиялық талдау
99.	анализ конструктивный	конструктивтік талдау
100.	анализ нестандартный	стандартты емес талдау, бейстандарттық талдау
101.	регрессионный анализ	регрессиялық талдау
102.	вектор аксиальный	аксиалды вектор
103.	вертикаль	вертикаль, тік
104.	выражение аналитическое	талдамалық өрнек, аналитикалық өрнек
105.	выражение подкоренное	түбірастылық өрнек
106.	геометрия аналитическая	талдамалық геометрия, аналитикалық геометрия
107.	двучлен	Қосмүше
108.	дроби обратные	кері бөлшектер
109.	дробь периодическая десятичная	периодты ондық бөлшек
110.	дробь обыкновенная	жай бөлшек
111.	единица кубическая	кубтық бірлік
112.	задачи прикладные	қолданбалы есептер
113.	задачи составные	құрама есептер
114.	знак вычитания	алу таңбасы
115.	знак интеграла	интеграл таңбасы
116.	знак корня	түбір таңбасы
117.	знак неравенства	теңсіздік таңбасы
118.	знак пересечения	қиылысу таңбасы
119.	знак равенства	теңдік таңбасы
120.	изменение функции	функция өзгерісі
121.	исчисление вариационное	вариациялық қисап
122.	исчисление векторное	векторлық қисап
123.	исчисление дифференциальное	дифференциалдық қисап
124.	исчисление интегральное	интегралдық қисап
125.	исчисление логическое	логикалық қисап
126.	касательная прямая	жанама түзу
127.	координаты однородные	біртекті координаттар
128.	координаты параболические	параболалық координаттар
129.	математическое ожидание	математикалық күтім



130.	матрица диагональная	диагоналды матрица
131.	матрица союзная	одақтас матрица
132.	матрица транспонированная	аударылған матрица
133.	матрица унимодуляр	үшбұрышты матрица
134.	нечетное число	тақ сан
135.	ось	ось
136.	ось радикальная	радикал ось
137.	ось цилиндра	цилиндр осі
138.	период колебания	тербеліс кезеңі
139.	пифагорово число (пифагорова тройка)	пифагорлық сан (пифагорлық үштік)
140.	способ аналитический	талдау тәсілі
141.	трактриса	трактриса
142.	угол центральный	центрлік бұрыш, орталық бұрыш
143.	узел	түйін (матем.)
144.	уравнение биквадратное	биквадрат тендеу, бишаршы тендеу
145.	уравнение квадратное	квадрат тендеу, шаршы тендеу
146.	фигура	фигура
147.	цепь	тізбе
148.	часть целая	бүтін бөлік
149.	число действительное (вещественное)	нақты сан
150.	число целое	бүтін сан
151.	язык алгоритмический	алгоритмдік тіл
КӨЛІК ЖӘНЕ ҚАТЫНАС ЖОЛДАРЫ САЛАЛАРЫНЫҢ ТЕРМИНДЕРІ		
152.	аварийность	авариялылық
153.	авиация полярная	полюстік авиация
154.	авиация санитарная	санитариялық авиация
155.	автоблокировка	автобұғаттау
156.	автоблокировка двухсторонняя	екіжақты автобұғаттауыш
157.	автоблокировка железнодорожная	теміржол автобұғаттауышы
158.	автоблокировка переменного тока	айнымалы токтың автобұғаттауышы
159.	автоблокировка постоянного тока	тұрақты токтың автобұғаттауышы
160.	автобус маршрутный	бағдарлық автобус
161.	автобус пригородный	қаламаңы автобусы
162.	автозаправщик	автокұйғыш, автожанармайкұйғыш
163.	автокаток	автоаунақ

164.	автоклав	автоклав
165.	автоколебание управляемых колес	басқарылатын доңғалақтардың автотербелісі
166.	автоколонна	автотізбек
167.	автолюбитель	автоэуеской
168.	автомат билетопечатающий	билетбасқыш автомат
169.	автомобиль высшего класса	жоғарғы сыныпты автомобиль
170.	автослесарь	автослесір, автослесар
171.	автоцистерна	автоцистерна
172.	агентство	агенттік
173.	акт коммерческий	коммерциялық акт
174.	акт расследования	тергеу актісі
175.	акт технический	техникалық акт
176.	акт экспертизы	сараптама актісі
177.	активность	белсенділік
178.	антенна приемная	қабылдау антеннасы
179.	аппарат ударно-поглощающий	екпінді-серпімді аппарат
180.	аппарат электрожелезловый	электртаяқша аппарат
181.	аппаратная	аппаратхана
182.	аптечка автомобильная	автомобиль дәрі-дәрмек қобдишасы
183.	аренда подвижного состава	жылжымалы құрамды жалға алу
184.	арка	арка
185.	арматура	арматура
186.	архитектор	сәулетші
187.	архитектура	сәулет
188.	база жесткая	қатаң база
189.	база шасси	шасси базасы
190.	баланс тепловой	жылу теңгерімі
191.	балансир	теңгергіш
192.	балансированность колес	доңғалақ теңгерімділігі
193.	балансировка	теңгеру, теңгерімдеу
194.	балансировка колес	доңғалақты теңгеру
195.	балансировка колесной пары	қос доңғалақты теңгеру
196.	балка	арқалық
197.	башмак генератора	генератор табандығы
198.	башмак нажимной	қысқыш табандық



199.	башмак тормозной	тежегіш табандық
200.	башмак	табандық
201.	бегунец	өрме белдеу
202.	безопасность автомобиля активная	автомобильдің пәрменді қауіпсіздігі
203.	безопасность активная	пәрменді қауіпсіздік
204.	безотказность	қалтқысыздық, мүлтіксіздік
205.	билет групповой	топ билеті
206.	билет картонный	қатырма билет
207.	боковина шины	шинаның қапталы
208.	болезнь земляного полотна	жер төсемінің бұзылуы
209.	болезнь профессиональная	кәсіптік ауру
210.	болт	бұран
211.	болтанка	шайқалу
212.	брандвахта	брандвахта
213.	брусчатка	кеспекше
214.	брусчатка мостовая	көпір кеспекшесі
215.	брызговик	шашыратқы
216.	бульдозер колесный	доңғалақты бульдозер
217.	вагонетка	арбашық
